



***2024-2025 оқу жылына арналған  
Ата – аналармен өткізілетін жылдық  
жұмыс жоспары  
«Балбөбек» ортаңғы тобы***

***Тәрбиешілері: Сейтен Н.Ж  
Темірболатова Г.М***

**2024-2025 оқу жылы**

### «Балбөбек» ортаңғы тобы

#### Ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

Мақсаты: Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-аналармен тығыз байланыста болу.

| Р/с | Айы          | Іс – шаралар тақырыбы                                                                                                                                                                                                                | Жауапты                                                                                                       |
|-----|--------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | Қыркүйек айы | 1.Ата-аналар жиналысы.<br>2024 – 2025 оқу жылының<br>жоспарымен таныстыру.<br>Баяндама: «Тәрбие тал<br>бесіктен!»<br>2.Ата-аналар комитетін сайлау.<br>Балалардың күн тәртібі,<br>тазалығы.                                          | Тәрбиешілер:<br><i>Сейтен Н.Ж</i><br><i>Темірболатова</i><br><i>Г.М</i>                                       |
| 2   | Қазан айы    | 1.Ашық есік күнін<br>ұйымдастыру.<br>«Алтын күз, Жәрменкесі»<br>Республика күні «Менің<br>Отаным – Қазақстан!» мерекелік<br>іс-шара.<br>Берекелі Алтын күз мерекесіне                                                                | Тәрбиешілер:<br><i>Сейтен Н.Ж</i><br><i>Темірболатова</i><br><i>Г.М</i>                                       |
| 3   | Қараша айы   | 1.Қазіргі уақыттағы<br>дәрумендердің бала организміне<br>пайдалы жақтары»<br>2.«Өз баланды жақсы білесің<br>бе?» Тренинг.<br>3.«ЖРВИ» және «Тұмау» деген<br>не?<br>Кеңес: «Балалардың дұрыс<br>тамақтануының негізгі<br>принциптері» | Тәрбиешілер:<br><i>Сейтен Н.Ж</i><br><i>Темірболатова</i><br><i>Г.М</i><br><br>Медсестра:<br>Сейітмағамбет А. |

|   |               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                              |
|---|---------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Желтоқсан айы | <p>1.«Балалар – біздің болашағымыз»</p> <p>2.Диагностикалық зерттеудің қорытындысы.</p> <p>I – жарты жылдық қорытынды.</p> <p>«Тәуелсіздік –Тұғырым!»</p> <p>мерекелік іс-шара.</p> <p>Ертеңгілік «Сиқырлы Жаңа Жыл !»</p> <p>Ата-аналар жиналысы.</p> <p>1-жарты жылдық есеп беру.</p> <p>2.Өртүрлі мәселелер.</p> <p>3.Баяндама: «Баланың бас ұстазы ата-ана!»</p> | <p>Тәрбиешілер:</p> <p><b>Сейтен Н.Ж</b></p> <p><b>Темірболатова Г.М</b></p> |
| 5 | Қаңтар айы    | <p>1.«Тұмау ауруынан сақтана білейік!»</p> <p>2. Кеңес: Мектеп жасына дейінгі балалардың қорқынышы және оның коррекциясы.</p>                                                                                                                                                                                                                                        | <p>Тәрбиешілер:</p> <p><b>Сейтен Н.Ж</b></p> <p><b>Темірболатова Г.М</b></p> |
| 6 | Ақпан айы     | <p>Ашық есік күні.</p> <p>Өңгіме: « Ата-ана үлгісі үлкен сабақ ».</p> <p>Ата-аналарға кеңес:</p> <p>« Егер балаңыз тым белсенді болса.....</p>                                                                                                                                                                                                                       | <p>Тәрбиешілер:</p> <p><b>Темірболатова Г.М</b></p>                          |
| 7 | Наурыз айы    | <p>1 – наурыз Алғыс айту!</p> <p>« 8-Наурыз Аналар мерекесі»</p> <p>Ертеңгілік: « Наурыз жыл басы »</p> <p>Көктем мерекелерімен құттықтау.</p>                                                                                                                                                                                                                       | <p>Тәрбиешілер:</p> <p><b>Темірболатова Г.М</b></p> <p>Ермекова А.</p>       |
| 8 | Сәуір айы     | <p>12-Сәуір «Ғарышкерлер күні.»</p> <p>Табиғатты аялайық.</p> <p>Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер.</p> <p>Ата-аналармен бірлескен жұмыстар.</p>                                                                                                                                                                                                                      | <p>Тәрбиешілер:</p> <p><b>Темірболатова Г.М</b></p> <p>Ермекова А.</p>       |

|   |           |                                                                                                                                                                                                                 |                                                                  |
|---|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| 9 | Мамыр айы | <p>1-Мамыр «Бірлік – бақыптың бастауы»</p> <p>7-Мамыр Ұранды ердің - ұрпағы қайсар !</p> <p>9-Мамыр « Ешкімде ,ешнәрсе де ұмытылмайды».</p> <p>Жыл бойыөткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау.</p> | <p>Тәрбиешілер:<br/><b>Темірболатова Г.М</b><br/>Ермекова А.</p> |
|---|-----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|



«Балбөбек» ортаңғы тобының  
ата-аналар жиналысы

*Тәрбиешілері: Сейтен Н.Ж  
Темірболатова Г.М*

2024-2025 оқу жылы

## «Балбөбек» ортаңғы тобының ата-аналар жиналысы

### **Күн тәртібі.**

- 1.«Тәрбие тал бесіктен » баяндама.
- 2.«Қоржын толы асыққа» ойыны
- 3.«Шаңырағымыз шайқалмасын» ойыны.
- 4.Нейрожаттығу жасап көрелік.
- 5.Ата-аналар комитетін сайлау.
- 6.Өртүрлі мәселелер.

### **Жиналыс барысы:**

Топқа кіру.Ұлттық киімдерін киінген ата-аналар топқа

« Қамажай» биін билеп кіреді.

«Қолпаштау» ойыны ойналады.(үкімен)

Ата-аналар көздерінетікқарайтұрыпбір-бірлеріне үкіні береотырып мадақтау сөздерін айтып шығады.

« Сіздің көзіңізден мейірімділікті көріп тұрмын,сіздің көзіңізден нұр көріп тұрмын ».т/б.

Кіріспе сөз:

«Тәрбие тал бесіктен» баяндама оқитын Темірболатова Г.

### «Тәрбие тал бесіктен» баяндама

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрышын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой—өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан—жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі—өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс—әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс—тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне тандана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» — дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Сондықтан да, ата—ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата—ана ғана саналы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан—жақты тәрбие беру, оны әрі қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым—қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шеше рөлінің өте маңызды екені белгілі. «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні бар. Тәрбие баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл—кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі—өнеге көрсетуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат—міндеттерімен байланысты болуы керек. Баланың жақсылығын да, жамандығын да, жемісі мен жеңісін де көретін ата-анасы! Қай заманда болсын, ата—ананың басты арманы – баласының инабатты, ізетті, еңбексүйгіш, ержүрек, адал,

қайырымды болуы. Соған өз балаларын тәрбиелейді. Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет—ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым—қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

### **Ата-аналарға сұрақтар беріледі.**

«Қоржын толы асыққа» ойыны. Қоржында нөмерленген асықтар.

1.«Мақалды жалғастыр».

1. Ұядане көрсен , Ұшқанда соны ілерсін.
2. Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала арсыз бала.
3. Балапан ұядане көрсе , ұшқанда соны іледі.
4. Бала тәрбиесі бесіктен.
5. Ананың ізін қыз басар, әкенің ізін ұл басар.
6. Қарағайға қарап тал өсер, құрбысына қарап бала өсер.
7. Дұрыс қанаттанған түзу ұшар.
8. Қамысты бос ұстасаң қол кесер.

Киіз үймен бесік суреттерін алған ата-аналар екі топқа бөлініп отырады.

2.«Шаңырағымыз шайқалмасын» ойыны.

Шаңырақ жасалады, лентада торсық, бесік, домбыра, тостаған, сазсырмай, камшы суреттері берілген. Артқы жақтарында сұрақтар берілген.

Торсық сұрағы : Бала үшін инвестиция құюды қалай түсінесіз?

Шаңырақ сұрағы :

Нағашы деген кімдер?

Жиен деген кімдер?

Жиеншар деген кім?

Бесік сұрағы: Тәрбие қашан ұлттық негізге табан тірейді?

Сазсырнай сұрағы: Жанұядағы ұл мен қыздың тәрбиесі қандай болуы керек?

Қамшы сұрағы: Әже үйдің қамқоршысы, асыраушысы дегеніміз дұрыс па?

Әке үйдің ажары, ошақ панасы дұрыс па?

3. Нейрожаттығулар жасап көрелік, жарысайық.

Алдарында әдемі тастар берілген, ата-аналар нейрожаттығуларды тез, тез жасап шығарулары керек. Нейрожаттығу пайдаы туралы, сасақұшындағы нүктелердің баланың сөйлеуіне жақсы әсер ететіні туралы айту.

4. Ата –аналар комитетін сайлау.

Ата-аналар бірауыздан комитет төрайымы етіп: Маденова Аяулым

Мүшелері: Андагулова Ақбілек. Толыбаева Замира сайланды.

5. Өртүрлі мәселелер бойынша әңгіме жүргізілді.

Тазалық, балабақша тәртібі туралы айтылды. Балабақшадан қалмау, уақытында келу керектігі айтылды.

6. « Асығың алшысынан түссін » ата-аналар тілектерін, өтініштерін жазу.



**Тыңдалды:**

1. Ата-аналарды көңілді қарсы алып, шеңберге тұрғызып, танысу тренингі өткізілді.
2. Тәрбиеші  
ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды, және де қазіргі жоспарға еніп жатқан Бәртұтас бағдарламасы жөнінде мағлұмат беріп өтті. Тәрбиеші бала балабақшада өтетін бір күндігімен таныстырп өтті. Балабақшада бала тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы

балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері – барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 3-4 жас аралығында болғандықтан, ортаңғы топ деп аталады, яғни «Балбөбек» тобы

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 15-20 минут.

- Сөйлеуді дамыту;
- Көркем әдебиет;
- Қазақ тілі
- Математика негіздері;
- Қоршаған ортамен таныстыру;
- Мүсіндеу;
- Жапсыру;
- Сурет салу;
- Құрастыру;
- Дене шынықтыру;
- Музыка оқу іс-әрекеттері өтіліп отырады.

3. Тәрбиеші **Сейтен Н. Ж.** ата-аналарға күн тәртібімен таныстырып өтті. Ата-аналарға балаларын балабақшаға 8.30-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 18.30-ға дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті. «Баланың бас ұстазы – Ата-ана» тақырыбы аясында баяндама оқыды.
4. Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады. Олар:

**Ата-ана комитеті төрайымы:** Маденова Аяулым

**Мүшелері:** Андагулова Ақбілек. Толыбаева Замира сайланды.

5. Ата-аналармен тренингтер, сұрақ-жауаптар, ойындар өткізілді.

- Шеңбер жасап,допты дөңгелете отырып жақын танысу
- Ыстық микрофон. Сұрақ-жауап
- Ата-андан кері байланыс құстарға тілектерін жазу

**Жиналыс қаулы етті:**

1. Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім-шарттың барлық шарттары орындалсын.
3. Балаларды себепсіз балабақшадан қалдырмау.
4. Балаларды бірлесе отырып тәрбиелеу.

**Хатшы:** Темірболатова Г.

**Төрайымы:** Маденова А.



# ***“1-қыркүйек Білім күні”***

***«Балбөбек» ортаңғы тобы***

***Тәрбиешілері:*** Сейтен Н.Ж.  
Темірболатова Г.М.

2024-2025 оқу жылы

***Білім күні!***

**Тәрбиеші:** Құрметті Тәрбиеші апайлар және балалар бүгін **1 қыркүйек – Білім күні!** Мерекелеріңіз құтты болсын!

Биіктерге бастайтын асқаралы  
Әр жүректің сүйікті, асқар әні  
Мерекеде бәріміз бір дауыспен  
Шырқайық еліміздің әнұранын!

## ***Қазақстан Республикасының гимні.***

**Тәрбиеші:** Бүгінгі білім күні мерекесімен құттықтау құрметі “Димаш” бөбекжайы менгерушісі Ербатырова Светлана Даниловнаға ұсынамыз. Балаларымызға деген жылы лебізін естігіміз келіп тұр.

### **Шаттық шеңбері**

Қуан шаттан, алақай,  
Қуанатын келді күн!  
Қайырлы таң,  
Қайырлы күн!  
Күліп шықты күн бүгін!  
Жарайсындар балалар!

**Тәрбиеші:** Ал балалар айтындаршы біз қай Республикада тұрамыз?

**Балалар:** Қазақстан Республикасында тұрамыз.

**Тәрбиеші:** Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе, қәнекей айтындаршы?

**Балалар:** Әнұран, Ту, Елтаңба.

**Тәрбиеші:** Қазақстан Республикасының Президенті кім?

**Балалар:** Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

**Тәрбиеші:** Біздің Қазақстан Республикасының Елордасы қай қала?

**Балалар:** Елордамыз Астана қаласы.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар! Ал балалар бір жылда неше мезгіл бар?

**Балалар:** Төрт жыл мезгілі бар. (қыс, көктем, жаз, күз)

**Тәрбиеші:** Ал қазір қандай мезгіл келді?

**Балалар:** Күз мезгілі.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар сендер бәрін біледі екенсіңдер!

Еңдеше білім күніне арналған тақпақтарымызды айтайық.

### ***Тақпақтар: Санжар. Сара. Аяна.***

Балабақша есігін  
Үшке тола ашқанбыз  
Балапандай мәпелеп  
Өсіруде бақшамыз.      Сара

Қиындықтан өтуге  
Армандарға жетуге  
Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге. Аяна

Білім менің ертеңім  
Өсу үшін өркенім  
Жүзем оқу айдынында  
Жайып білім желкенін. Санжар.

*Ойын: “Оқу құралдарын құрастыру”*

*Тақпақтар: Амина. Асылхан. Амир. Инжу.*

Кел балалар, оқылық!  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық. Амина

Білім алған өзіңмен  
Дәрігер, ұшқыш, не ғалым  
Саған ыстық сезіммен  
Қарайды жұрт, мұғалім. Асылхан

Өсті міне бойымыз  
Өсті міне ойымыз  
Қуанышқа ортақпыз  
Құтты болсын тойымыз. Амир

Риза етіп баршаны  
Өсем әнге саламыз.

Таудан биік талабы  
Біз- сүйікті баламыз. Инжу

*Ойын: “ Оқу құралдарын және ойыншықтарды ажырату”*

*Тақпақтар: Азиз, Айбибі.*

Бақша біздің үйіміз,  
Бізге білім беретін.  
Ұстаз ана екінші,

Бізді жақсы көретін. АЗИЗ

Мектеп алды баратын,  
Балабақша қандайды.  
Балаларды ойнатып,  
Ең жақсыны таңдайды. Айбибі

**Тәрбиеші:** Білім күніне арналған әнімізді шырқайық.

**Ән:** *“Үйретеді” әні*

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар. Сендерді жана оқу жылымен құттықтаймыз.  
Оқу жылына сәттілік тілеп, осымен ашық оқу іс-әрекеті аяқталды.  
*Сау балыңыздар!*

***Білім күні!***



ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы  
 Меңгерушісі: С.Д.Ербатырова



# ***25-қазан «Республика» күні***

«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

## **"Отаным менің-Қазақстан!"**

*Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.*

**1-Жүргізуші:** - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршанызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршанызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

**2-Жүргізуші:** Ақжайық, Алтай арасы  
Қазақтың шалқар даласы  
Республикама қарашы!  
Жерімнің дәні маржандай  
Қырманы асқар таулардай  
Республикама қарашы!  
Шолсаң да биік аспаннан  
Қарқырар кені тастардан  
Республикама қарашы!  
Шырқаған сайын тірегі  
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,  
Толтамайды дүбір әні.  
Мәңгі бақи шырқалады,  
Республика Гимні!

**ҚР. Гимні орындалады.**

*Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.*

**1-Жүргізуші:** Балалар біз қай Республикада тұрамыз? (Балалар Қазақстан Республикасы)

Біздің ұлтымыз кім? (қазақ)

Біз қай тілде сөйлейміз? (қазақ тілі)

Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев)

2-Жүргізуші:- Қасиетті Қазақстан мекенім,  
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.  
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,  
Болашағым, өнер - білім, өркенім.-

Балалардың орындауында тақпақтарға кезек берейік. (Балбөбек тобы)

**Тақпақтар:**

**Алдияр**

Көгінде күн нұрын төккен,  
Жерінде гүл жұпар сепкен.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туған өлкем!

**Алина**

Шықты тарап ой данадан,  
Бері қарады жұлдыз беті.  
Өзі қалап сайлап алған,  
Елімнің бар Президенті.

**Күнсұлу**

Өнұраным, жан ұраным  
Туған жерім сағынарым,  
Мәңгі-бақи шырқалады  
Республика, Өнұраны.

**Ақан**

Ақжайық, Алтай арасы  
Қазақтың шалқар даласы  
Республикама қарашы!

**Сара**

Жерімнің дәні маржандай  
Қырманы асқар таулардай  
Республикама қарашы!

1-Жүргізуші: - Сән — салтанат жасайық,  
Күйсандықты ашайық.

Бұл мереке, бұл тойға,  
Бимен шашу шашайық – деп ортаға бүлдіршіндерімізді «**Менің Қазақстаным**» биімен өнер көрсетеді.

**Би: «Менің Қазақстаным» (Балбөбек тобы)**

**2-Жүргізуші:** Жарайсындар балалар қандай өнерлі балалар! Ендеше тақпақтарымызға кезек берейік. **(Балбөбек тобы)**

**Тақпақтар:**

**Манзура**

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн!

Ерекше боп мәңгілік,

Ел жадында қалған күн!

**Амир**

Жасай берсін Ұлы күн,

Үміті боп елінің.

Ақ күні боп баланың,

Шаттығы боп атаның

**Әміре**

Он алтыншы желтоқсан-

Елдің ұлы мейрамы.

Жаңа шыққан көктемдей,

Жаз күніндей жайдары

## Санжар

Арымыздай тап-таза,

Жанымыздай шуақты.

Көтерілді биікке,

Қазақстан байрағы.

**1-Жүргізуші:-** Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Ойынға кезек берейік.

*Ойын: «Ханталапай»*

**2-Жүргізуші:-** Күлімде күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!- деп бүлдіршіндердің орындауында

**«Отан - Ана»** әнін қабыл алыңыздар.

*Ән: "Отан - Ана"*

- Бізге бақыт сыйлаған  
Жамандыққа қимаған  
Арнап сәби сезімді  
Сүйеміз біз өзіңді*

*Қ-сы:*

*Отан Ана бесігім  
Жүрегімде есімің  
Саясаты салмақты  
Абыройы ардақты*

- Егемендік әперген  
Саған төнген қатерден  
Қалт жібермей сөзіңді  
Қорғаймыз біз өзіңді*

*Қ-сы:*

- Қойнауы құт бақ мекен  
Ұландарым сақ, бекем  
Жолын жалғап атаның  
Сүйем сені – Отаным!*

**Қ-сы:**

**1-Жүргізуші:** - Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз!  
Сау болыңыздар!!!!  
(Балалар музыка әуенімен залдан шығып кетеді)



Бекітемін»  
ЖШС С.О.К. «Диман» бөбекжайы  
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова



# «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

( Ата – аналармен жұмыс )

«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

*Тренингтің мақсаты: Ата-ананың бала өміріндегі орны мен рөлі туралы ой түрткі салу, өз баласын жақсы тану, көмек және кеңес беру мақсатында ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға екеніне көз жеткізу.*

Көрнекілігі: үлкен ақ жүрек, кішкене қызыл жүрекшелер, бала тәрбиесіне байланысты ұлағатты сөздер жазылған плакаттар, шарлар.

Барысы: Құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Сіз балаңызды білесіз бе?» атты тақырыптағы тренингке қош келдіңіздер!

Адамның өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы – бала. Бала – дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді, толысып, әрленеді. Барлық бала жақсы мен жаман әдеттерді өзі өскен шанырақтан үйренеді. Егер отбасында ата-аналар өзара жақсы қарым-қатынаста болса перзенттері де әдепті, тәрбиелі болып өседі. Халқымыз «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақылдың астарында қаншама мән-мағына жатыр. Бала отбасында жақсы үлгі-өнегемен, саналы тәлім-тәрбиемен жастайынан сусындаса, ер жеткенде сіздерді ылғида қуанытып, қуанышқа бөлеп, абыройларыңызды асқақтатары хақ.

Сондықтан да өмірдің өтпелі қиын кезеңдерінде ұл-қыздарымыздың саналы тәрбие мен сапалы білім алуына күш салайық. Бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтаса әрекет етуіміз керек. Бала тәрбиесінде шыдамдылық танытып, өз балаларыңызға жүрек жылуын сыйлай біліңіздер!

I жаттығу: «Біздің топтың жүрегі».

Ал, енді бәріміз мына үлкен ақ жүрекке назар аударайықшы. Ол тірі емес, біз қазір оған жан береміз. Ол үшін мына кішкене қызыл жүрекшелерге сіздер балаға деген бір ақ тілектеріңізді жазып, мына тақтадағы үлкен ақ жүрекке әкеліп, ақ тілектеріңізді оқи отырып, жапсырайық. Қараңыздаршы, ол біздің көз алдымызда тірілді. Бұл біздің топтың жүрегі, ол тренинг барысында үнемі дүрсілдеп тұрады. Бәріміздің жүрегіміз «бала» деп соғады. Осы ақ жүрегімізден шыққан тілектерді жаңа барлығымыз естідік. Балаға деген тілегімізді, жүрегімізді бір арнаға тоғыстырды. Осы жүрек сияқты әрбір ата-ананың жүрегі де бала тәрбиесінде, өз баласының әрбір жаңа атқан таңы үшін елжіреп, алаңдап тұрады.

II жаттығу: «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?»

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Доп беру арқылы ата-ана қойылған сұрақтарға ойланбастан жауап береді.

1. Балаңыздың ең жақын досы кім?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыздың туған күні қашан?
4. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қанша?
5. Балаңызды қандай сөзбен еркелетесіз?

Қорытынды: Берілген сұрақтарға ойланбастан бірден жауап беріп отырған ата-аналарды

мадақтау. Ал, жауап беруге қиналып қалған ата-аналарға болашақта балаларымен тығыз байланыста болу керек екеніне ұсыныс беру.

### III жаттығу. Аяқталмаған сөйлем «Менің балам...»

Ия, әрбір ата – ана өмірге бала әкелгеннен кейін оған тәлім – тәрбие беретіні белгілі. Бала тек қана отбасы тәрбиесін алып қана қоймайды. Ол қоршаған ортаның тәрбиесін алатыны сөзсіз. Бала дүниеге келгенде таза ақ парақ секілді, пәк болып келеді. Сол пәк сәбиге үш түрлі адамның мінез беріледі екен. Ол – бірінші ата- анасынан, себебі бала ес білген шаққа дейін бар нәрсені өз отбасынан табады. Ал –екінші ұстазынан, өйткені алғаш ес біліп мектеп табаддырығын аттағанда қолына алғаш «Әліппені» ұстатып өмір жолына алғаш жол салатын ұстазы. Үшінші – достарынан. Осы үш адамның бойындағы мінез –құлықтарды екшелей келіп, олардың ішіндегі өзіне ұнайтын жақтарын алады екен.

Ендеше, сізден, бізден және өз жолдастырының жақсы жақтарын ала білген біздің балаларымыздың бойында адами қасиеттердің көп болары сөзсіз. Десекте кейбір кездері олардың бойынан өзімізге ұнамайтын қасиеттерді де кездестіріп қаламыз. Ендеше баламыздың бойындағы осындай қасиеттерді танып білу үшін «Менің балам ...» ойынын жүргізейік!

Тапсырма: «Менің балам ...» деген сөзді жалғастыру үшін сіздерге ойлануға 1 минут уақыт беріледі. Тапсырманы толық орындау үшін 5 минут беріледі. Ата –аналарға алдын-ала дайындалған кеспе қағазы беріледі.

Нұсқау. Балаңыздың бойында бар мінез-құлық қасиеттерін жазу ұсынылады.Енді өзіңіз жазған балаңыздың мінез-құлық қасиеттерін екі бөлікке бөліңіз?

1. Балаңыздың бойындағы мінез-құлық қасиеттерінің сізді қанағаттандыратын жақтары.
  2. Балаңыздың бойындағы мінез-құлық қасиеттерінің сіздің өзгерткіңіз келетін тұстары.
- Рефлексия
1. Балаңыздың жақсы қасиеттерін жазған кезде қандай күйде болдыңыз?
  2. Мінездің көлеңкелі тұстары кездескен кезде сіздің көңіл-күйіңізді қынжылтқан не?

### IV жаттығу. Қорытындылау. «Тілек шамы»

Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып, бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса, айтып кетулеріңізге болады.



# «ЖРВИ» және тұмау деген не ?

*«Балбөбек» ортаңғы тобы*

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

**ЖРВИ** - әлемдегі тұмауды біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция.

басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талаурамалы қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ- бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады;
2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен – тыныс алу ағзалары арқылы келеді;
3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді. Ауруды тегіннен респираторлық, яғни «тыныс алуға қатысты» деп атаған жоқ;
4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

#### **ЖРВИ кезінде не болады?**

Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар ұйттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін. ЖРВИ әдетте жіті, күтпеген жерден басталады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда шамамен 2 күн өтеді. Ауырар алдында адамды мыналар мазалау мүмкін: шаршау сезімі, әлсіздік, ашуланшақтық. Бұдан әрі бұл белгілер көбейеді, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарлауы мүмкін, терлегіш болады. Тұмау, тамақтың ауруы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит-көздің зақымдану белгілері болуы мүмкін.

**Диагностика және емдеу.** ЖРВИ диагнозын несеп пен қан талдауын тағайындауы мүмкін. ЖРВИ емдеу әдетте дәрігердің бақылауымен үй жағдайында жүргізіледі. Пациентті ауруханаға тек аса ауыр жағдаятта немесе шиеленген жағдайда жібереді. Науқас міндетті түрде төсек тартып жатуды қадағалауы және барынша сұйық зат ішуі керек, жылы шай мен морс ішкені жақсы. Дене қызуы жоғары болғанда қызу басатын дәрі-дәрмектерді, қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жөтелге қарсы препараттарды қолдануы керек. ЖРВИ кезінде тыныс алу гимнастикасы мен дәрумендер терапиясы жақсы әсер етеді. ЖРВИ кезінде антибиотиктер тиімді емес, сондықтан олар бактериялық инфекция немесе асқыну кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады. **ЖРВИ мен тұмауды алдын алу:** Тұмауды алдын алудың 3 түрі бары белгілі: Екпелік алдын алу, Дәрімен алдын алу (вирусқа қарсы дәрілер), Жеке және қоғамдық гигиена (ақпараттандыру жолымен) ережесін қадағалау.

**Екпелік алдын алу – тұмауды бақылаудың басты амалы.** Екпе - кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныс болып табылады. Екпе нәтижесінде пайда болған иммунитет аурудан сенімді қорғайды. Көптеген маңызды инфекция, атап айтқанда полиомелит, дифтерия, қызылша жаппай екпе нәтижесінде толық жойылады. Маусымдық тұмауға қарсы жыл сайынғы екпе барлық жастағы топтарда ауру мен өлім-жітімді барынша азайтады. Осы мақсаттар A/H1N1/2009 тұмау індеті даму кезеңінде қазір де көзделген. Екпе мақсаты – инфекция ретінде тұмауды толық жою емес, тұмаудан өлім-жітімді және ауруларды, әсіресе оның асқынуларын, жүрек-қантамырлық, өкпе ауруларының, басқа да созылмалы патологиялардың асқынуын азайту. ДСҰ жыл сайын қатерлі топтарға тұмауға қарсы егуді ұсында: 65 жастан жоғары (созылмалы патология болған жағдайда –кез келген жаста), 6 айдан бастап 15 жасқа дейінгі балалар, медицина қызметкерлері және басқа да

көптеген өндірістік байланыстағы адамдар. Қауіп-қатердің ерекше тобы, яғни бөлек қарастыратындарды жүкті әйелдер, әсіресе екінші және үшінші триместрдегі жүкті әйелдер құрайды. Қазіргі замандағы жағдаятқа жасалған – дені сау жүкті әйелдердің көп бөлігі тұмау қатты ауырғандар және қатты асқынулар бойынша емдеуге жатқызуға мұқтаж.

Қазіргі таңда тіркелген жүкті әйелдер арасында А/Н1N1/2009 тұмаудан болған аурудың өліммен аяқталған жағдайы шамамен 5% расталды. Және де негізгі тұрғындардың ішінен жүкті әйелдер шамамен 1 пайызын құрайды. Сондықтан Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Денсаулық сақтау министрлігі барлық жүкті әйелдерге екпе егуді, соның ішінде маусымдық тұмауға қарсы белсенділігі жойылған екпе егуді ұсынады.

**Ақапарттандыру жолымен алдын алу. Жеке және қоғамдық гигиена ережесін қадағалау.** ЖРВИ, Н1N1/pdm2009 (ол ғана емес) тұмауы таралмау үшін алдын алу іс-шараларын қолдану қажет және де әр адамның қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді қолдана отыра, аурудың және тұмаудың таралу қауібін азайта алады. Сондықтан әркім тап болатын жағдаяттарды қарастырайық және жағдаяттардың барлығына нақты қажетті алдын алу іс-шараларын тізіп шығайық.

**Біріншіден: Өзіңіздің ауырып қалмауыңыз және айналадағыларға жұқтырмау үшін не істеу керек:** Науқас адамдармен байланыстан алшақ болу; Науқасқа 1 метрден жақын жақындамау; Науқас адамдармен байланыс жасаған кезде демперде кию; Инфекцияның таралуын алдын алу үшін қолды сабынмен немесе бактерияға қарсы (құрамында спирт бар) ерітіндімен жуу; Бір реттік қол орамалын қолдана отыра, жөтелген және түшкірген кезде мұрын мен ауызды жабу; Адам көп жиналған жерге (ойын-сауық шараларына, жиналыстарға, кездесулерге) бармау; Бөлмені жиі желдету; Кір қолмен көзді, мұрын мен ауызды түртпеу; Салауатты өмір салтын ұстану (толық қанды ұйқы, таза ауа, белсенді демалыс, дәрумендерге бай тағамдар), ол ағзаның кез келген инфекциямен күресуіне көмектеседі.

**Екіншіден:** Егер Сіз ауырып қалсаңыз, басқа адамдармен байланысты барынша азайту және емдеу бойынша нұсқау алу үшін шұғыл дәрігерді үйге шақырыңыз. Жеке күнделікті гигиена шараларын ескере отыра және науқастанған күннен бастап 7 күн ішінде үйде қалыңыз.

**Егер Сіз бәрібір ауырып қалсаңыз, онда:** Басқа адамдарға қауіп төндірмеу және қауіпті асқынуды болдырмау үшін үйде қалыңыз; Төсек тартып жату режимін қадағалаңыз; Мүмкіндігінше өзіңізді басқа отбасы мүшелерінен оқшаулаңыз; Аурудың бірінші белгілері кезінде дәрігерді шақырыңыз; Бір реттік қол орамалын қолданыңыз, қолданған соң бірден оны лақтырыңыз; Дәруменді сұйық сусындарды, сонымен қатар қызу басатын қасиеті бар мұқажик, итбүлдірген тұнбасын көп ішініз; Дәрігердің барлық тағайындамасын орынданыз және препараттар қабылдаңыз, әсіресе вирусқа қарсы, қатаң кесте бойынша. Сіз жазылған сияқты болсаңыз да, препарат қабылдаудың толық курсың өтуіңіз қажет. Хал-жағдайыңыз нашарлап кеткен жағдайда дәрігерге уақытылы бару және қажетті ем алу үшін, өз хал-жағдайыңызды мұқият қадағалаңыз.

**Үшіншіден:** Отбасының бір мүшесі ауырса болды, бір-бірден қалғандары да ауыратынын жиі білеміз. Науқасты бөлек бөлмеге оқшаулау, ауырған адамның отбасы мүшелері үшін дәке таңғыш қолдану, науқастың бөлмесін жиі желдету және ылғалды жуып-шаю осының барлығы алдын алу іс-шараларының ажырамас бөлігі. Тұмау ошағында – науқас жатқан бөлмедегі тұрмыстық заттарда, ауада ауру қоздырғыштарды зарарсыздандыру бойынша дезинфекциялық іс-шаралар өткізу міндетті. Ауада инфекциялық аэрозолдің (ұсақ дисперстік,

шаң фазаларының) шоғырлануын азайтудың қарапайым тәсілі бөлмені жиі желдету болып табылады. Суық жыл мезгілінде күніне 3-4 рет 15-20 минуттан желдету ұсынылған. Сонымен бірге науқас бөлмесінің ауа температурасын бақылау керек. Ол 20<sup>0</sup>С төмен болмауы қажет.

**Егер отбасында науқас пайда болса, онда келесі ережелерді қадағалау**

**керек:** Мүмкіндігінше науқас отбасының басқа мүшелерінен мүмкіндігінше бөлек орналастыру. Науқасқа бір адам күтім жасаса жақсы болады. Науқасқа жүкті әйел күтім жасамағаны дұрыс. Отбасының барлық мүшелері демпердені қолдану, қолды жиі жуу, зарарсыздандыру заттарымен қолды сүрту сияқты гигиеналық іс-шараларды қадағалауы тиіс. Отбасының басқа мүшелерінде тұмау белгілерінің пайда болуын бақылау. Науқастан кемінде 1 метр қашықтықта болуға тырысу керек. Науқасқа бөлек ыдыс-аяқ бөлу; Хал-жағдайы нашарлауы мүмкін кезде уақытында дәрігерге қаралу және қажетті ем алу үшін науқас жағдайын мұқият қадағалау. Сіз бір реттік демперде қолдансаңыз, онда келесі талаптарды орындауға тырысыңыз: Ылғалды немесе дымқыл демпердені жаңа, құрғаққа ауыстыру; Науқасқа күтім жасағаннан кейін демпердені бірден шешіңіз, лақтырып тастаңыз және қолыңызды жуыңыз.

**Дәрімен алдын алу.** Тұмауды алдын алу үшін препараттар барынша түрліше, оларды тек дәрігердің тағайындауымен қабылдау қажет. Кейбір дәрілік өсімдіктердің вирусқа қарсы қасиеті бар. Көне грек заманында да дәрігерлер тұмау кезінде лимон мен апельсин, бал мен қалампырды қолданған. Көптеген дәрілік өсімдіктердің ішінен тек кейбір түрлеріне ғана тоқталамыз. Пияз, сарымсақ- өсімдіктен шыққан микробқа қарсы заттар фитонцидтерден тұрады. Жалбыз, қарағай – вирусты жойғыштық әрекетке ие және ингаляция үшін қолданылады. Лимон, итмұрын, мүкжидек, итбүлдірген, шырғанақ – дәрумендер көзі, соның ішінде С (аскорбин қышқылы) , оның негізінде дәрумендер сусыны дайындалады (шай, морс, тұнбалар).



## **Кеңес: "Дұрыс тамақтану - дені сау бала"**

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

### **"Дұрыс тамақтану – дені сау бала"**

Белгілі факт, тамақтану пайдалы болуы үшін оны теңдестірілген, пайдалы және рахатпен жеу керек! Балаларға қатысты дұрыс тамақтану әсіресе өткір мәселе болып табылады.

Барлық ата-аналар өнімнің пайдасы мен зияны, аллергиялық реакциялар туралы біледі, бірақ кез-келген ана баласына арналған өнімді жауапкершілікпен тандай бермейді. Біздің мемлекетімізде балалар мекемелерінде тамақтануға өте қатаң көзқарас бар. Ол үшін тиісті нормалар бекітілген. Балабақшаға келген кезде әр ата-ана мәзір мен тамақтану нормаларын көре алады, ал балалардан талғамы туралы сұраған дұрыс. Әрине, барлық тағамдар ұнай бермейді. Бала ботқа, желе (және сіз басқа ештеңе білмейсіз) туралы "фу" деп айта алады. Бұл түсінікті, балалардың барлық құмарлықтарын қанағаттандыру мүмкін емес. Көп нәрсе баланың отбасында қалай тамақтануына байланысты.

Олар оны қасықпен тамақтандырады ма, әлде құнарлы тағамның орнына сүйікті шоколадтарымен еркелетеді ме. Сіз баланызға айран, ашытылған пісірілген сүт сатып алған ананы жиі кездестіресіз – неге йогурт, жеміс-жидек және т.б. Сонымен қатар, кептірілген жемістерден компот дайындайтын аналар – неге шырындар, фанттар мен кока-колалар болған кезде. Ал бала балабақшаға келгенде қиындықтар басталады – мен ондай компот ішпеймін, ондай балық жемеймін, котлеттерді ұнатпаймын. Ал мен шұжық боламын! Ал балабақшалар өз кезегінде баланы толыққанды тамақпен – табиғи, дұрыс тамақтандырғысы келеді. Сондықтан балалардың рационнда сүзбе, балық, ет, қырыққабат, бауыр және жай айран мен ашытылған пісірілген сүт бар. Балаларға дастарқан басында ыдыс-аяқ ұсына отырып, біз осы өнімнің артықшылықтары туралы айтуға тырысамыз. Көбіне балалар бір-біріне қарап сорпа, каша, омлет жегенді ұнатады.

Балалық шағыңызды еске түсіріңіз – мұндай суфле мен кашалар әрдайым үйде дайындала бермейді. Бала энергияға және оның негізгі компоненттеріне (белоктар, майлар, көмірсулар, минералдар, микроэлементтер, витаминдер) қажеттіліктерін қамтамасыз ететін жеткілікті қоректік заттарды алуы керек. Азық-түлік әр түрлі, теңдестірілген және тағамдық компоненттердің қажетті арақатынасын қамтуы керек. Тамақтану баланың ағзасының өсуі мен дамуының барлық процестерінен озып тұруы керек, басқаша айтқанда, есейген сайын бала тамақпен қоректік заттардың жетіспеушілігін сезінбеуі керек.

Белгіленген стандарттар бойынша балабақша мәзірі мұқият есептелген энергетикалық құндылыққа ие. Мысалы, үш жасқа дейінгі баланың күнделікті тұтынуы 1540 ккал, ал үш жастан асқандар үшін 1900 ккал құрайды. Дәл осы сандар негізінде балабақшадағы мәзір тандалады. Балабақшадағы ең бірінші нәрсе - сіздің баланыз таңғы асты алады - кейде бұл сүт ботқасы, май мен ірімшік қосылған сэндвич, шай немесе какао.

Біраз уақыттан кейін екінші таңғы ас әдеттегідей жүреді, оған әдетте жеміс шырыны, жеміс-жидек немесе қышқыл сүт өнімдері беріледі. Түскі ас – бұл ең маңызды тамақ, ол толыққанды біріншіден, екіншісінен гарнирмен, көкөністерден жасалған салаттан, және, әрине, үшіншіден шырын немесе компоттан тұрады. Ұйқыдан кейін балалар әдетте түстен кейін тамақтанады – көбінесе балабақшадағы түстен кейінгі тағамдарға сүзбе, дәмді тоқаштар немесе

пирогтар, шай беріледі. Әрбір мектепке дейінгі мекемеде балаларды толыққанды және сапалы тамақтандырады. Балаларды бір тағаммен жиырма күнде бір реттен артық тамақтандыруға болмайтындығы туралы ережелердің бірін атап өту маңызды.

Сондықтан балабақшадағы балалардың тамақтануы әр түрлі. Балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру отбасындағы баланың дұрыс тамақтануымен үйлесуі керек. Ұмтылу керек. Үйде дайындалған тамақтану балабақшаның тамақтануын толықтыратындай етіп. Осы мақсатта ата-аналар күн сайын топтарға ілінетін мәзірлермен танысуы керек. Сондықтан кешкі асқа баланың балабақшада алмаған тағамдары мен тағамдарын ұсынған дұрыс, ал демалыс және мереке күндері оның диетасын Садовскийге жақындатқан дұрыс.

Есіңізде болсын! Балалар өте зейінді, бәрін көріп, естиді. Азық-түлік туралы ескертулеріңізді қадағалаңыз. Тамақ туралы тек жақсы сөздер айтуға болады. Тамақтану кезінде бәрі осы процеске бағытталуы керек, бала үшін бұл өте күрделі мәселе.



# *«Тәуелсіздік-Тұғырым!»*

«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж

2024-2025 оқу жылы  
*«Тәуелсіздік-Тұғырым!»*

**Мақсаты:** Балалардың өздерінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, өз елінің патриоты болуға, ел егемендігін сақтай білуге, елінің кірпіші болып

калануға баулу. Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат беру.

**Тәрбиелік мәні:**

Өз ұлтының тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін білу, ұлтының намысын қорғай білетін, намысты қолдан бермейтін елінің адал ұл-қызы болу..

**Дайындық жұмысы:** Ата-анамен алдын-ала жұмыс: балаларды мерекеге сай киімдерін даярлау, алдын- ала такпақтар беру, билерді үйрету, әндерін ырғаққа сай орындауға үйрету. Мерекеге сай залды безендіру.

**Жүргізілу барысы:**

**Жүргізуші:**

Армысыздар, бұл кештің қонақтары

Халқымның әркашанда қонақ – бағы

«Тәуелсіз елім-Қазақстан» атты кешті

Бүлдіршіндер көруге шақырады.

Алдарыңызда ортанғы «Жұлдыздар» тобы.

**Хор: «Тәуелсіздік ел ұланы» Әні мен сөзін жазған: Гүлайым Жотаева.**

Сәлем бердік, кешіміздің көрермені

Қазақтың, ол анық қой, өнер – кені

Тәуелсіздік кешімізге қош келдіңіз,

Алдарында болашақ өрендері!

**Жүргізуші:**

Бүгін тәуелсіздікке қол жеткен егеменді елміз. Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ.

Тамыры тереңде жатқан тарихи оқиғалардың нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз. Ата – бабаларымыздың ұрпағын, елім, жерім, отаным деп кеткен арманына қол жеткізіп отырмыз.

Балалар бір сәтке назарларыңызды экранға аударсақ. (Слайд бойынша түсіндіру)  
(10-15 мин)

**Сұрақ-жауап:**

-Балалар, біздің тәуелсіз мемлекетіміз қалай аталады?

-Қ.Р. Президенті кім?

-Қ.Р астанасы қай қала?

-Мемлекеттік рәміздерімізге нелер жатады?

-Ұлттық волютамыз қалай аталады?

-Тәуелсіздік күні, қай күн?

-Желтоқсан құрбандарынан кімдерді білесіз?

-Қазақстанда мекен ететін қандай ұлттарды білесіздер?

**Жүргізуші:** Жарайсындар, балалар! Ал қазір тәуелсіздік мерекесіне арналған такпақтарымен ортаға бүлдіршіндерімізді шақырамыз. Олар: Р.Мадина, М.Жанэль, Айзере, Алихан, Парасат.

Күнсұлу:

Сара

Мерекеге шығады,  
Бүкіл халық, біліп қой  
Отандастар ұғады  
Тәуелсіздік- ұлық той.

Он алтыншы желтоқсан  
Тәуелсіздік алған күн  
Мерекеге ел тосқан  
Шырқатып ән салған күн!

Амина  
Аралаймын алаңды  
Тәуелсіздік күні мен  
Батыр Қайрат ағамның  
Суретіне үнілем.

Айбибі  
Туыспыз біз бәріміз  
Бір Отанды сүйеміз  
Бақытты елде тұрған соң  
Бақытты өмір сүреміз.

Санжар:  
Ауыр күнді артымызға тастауы  
Қиын сәтте қиындықтан қашпауы  
Тілім, дінім, ұлтым қайда көгерген  
Елбасы Нұр ағаның бастауы.

**Жүргізуші:** Біз ешкімге тәуелсіз егеменді елміз. Осыны мақтан етейік балалар!  
Жайрайсындар балалар! Балалар алыстан мұңартып біреу көрінетін секілді. Бұл кім екен? (Ішке саяхатшы кіреді.)

**Саяхатшы:** Саламатсыздарма балалар! Hello children!!! Қалдарыңыз қалай?  
Сендерді көргеніме қуанштымын! Тәуелсіздік күндеріңіз құтты болсын! Өсіп,  
өркендей беріңіздер!!Қазақстан жайнап-жайқала берсін!

**Жүргізуші:** Саламатсызба! Көп- көп рахмет тілегіңізге. Кешіріңіз, өзіңізді  
таныстырып өтсеңіз, біз сізді танымай отырмыз.

**Саяхатшы:** Мен саяхатшымын. Есімім –Джози. Мен, Қазақстан туралы көп  
естідім. Оның қалаларын көзіммен көргім келіп, саяхатқа аттандым. Бірақ,  
өкінішке орай саяхат барысында, картама су тиіп, Қазақстан қалаларының атын  
өшіріп алдым.Маған Қазақстан қалаларын атап беріңіздерші. Қандай қалалары  
бар екен?

**Жүргізуші:** Танысқанымызға қуаныштымыз Джози ханым. Әрине,  
көмектесеміз, солайма балалар?

**Ойын: «Қазақстан қалаларын ата»**

**Мақсаты:** Қазақстан қалаларын атауын білу. Балалардың көңіл күйін көтеру.  
Көмек қолын созуға, топпен жұмыс жасауға үйрету.

**Барысы:** Балалардың қолдарына гүл беріледі, олар Қазақстанның қалаларын  
атап, картаға жапсырады.

**Саяхатшы:** Рахмет балалар!!! Сендер маған көмектестіңдер. Мен саяхатымды  
әрмен қарай жалғастырайын. Сау болыңыздар!

**Жүргізуші мен балалар:** Сау болыңыз! Жолыңыз болсын!

**Марлен:**

Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген  
Жөргегімде танысым мұң тіліммен

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуанғанда күлкімнен күн түрілген.

**Амир:**

Біз Отанның гүліміз,  
Туған жердің нұрымы  
Тәуелсіз біздің еліміз  
Қазақстан жеріміз.

**Інжу:**

Күн шуакты Қазақстан  
Саған ғана үн қосқан  
Жүрегімнің дүрсілі  
Төгіледі жыр дастан.

**Жүргізуші:** Қазақ халқы ғасырлар бойы өз еркіндігі мен бостандығы жолында жанқиярлықпен күрес жүргізіп келгені белгілі. Сондықтан уақыт талабына сай білімді де, парасатты, жан дүниесі кемел, намысшыл, ұлт жанды ұрпақ, отанымыздың арқа сүйер азаматы болайық, оны қорғауға әрқашан дайын тұрайық.

Еліміздің егемендігі кеңейіп, көк байрағы желбірей берсін!!

**Хор. Аркадий Островскийдің музыкасына жазылған «Әрқашан күн сөнбесін» әні үш тілде.**

Осымен ортанғы «Жұлдыздар» тобының тәуелсіздің күніне арналған «Тәуелсіз елім-Қазақстан» атты мерекелік кешімізді аяқтаймыз.



# **"Қош келдің сиқырлы Жаңа Жыл"**

**«Балбөбек» ортаңғы тобы**

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж

2024-2025 оқу жылы

**"Қош келдің сиқырлы Жаңа Жыл"**

**Ақшақар шығады, тақпақ айтады.**

**Армысыздар, халайық!**

**Бармысыздар халайық!**

**Жаңа жылда жұп жазбай,**

Бірге қарсы алайық.

*Балаларды мерекеге шақырады. Балалар кіреді, шыршаны айналып тұрады.*

**Ән: «Жаңа жыл»**

**Жүргізуші:** -Балалар, айналаға қарандаршы, бүгін залдың іші әдемі болып кетіпті. Төрде жарқыраған ойыншықтармен безендірілген шырша тұр. Біз қандай мерекеге келдік?

**Балалар:** - Жаңа жыл мерекесіне келдік!

**Жүргізуші:** -Иә, дұрыс айтасыздар! Ақшақар бізді жаңа жыл мерекесіне шақырды. Енді Ақшақармен бірге ән шырқап, би билеп мерекені тойлайық.

**Күнсұлу:**

Қандай суық қыс деген?

Қалтырайды құс деген

Құлақ шынды кимесең,

Құлағыңды тістеген.

**Алдияр:**

Қандай қызық қыс деген

Бәрін шебер істеген,

Бакша—бауды, тауды да,

Бояған ақ түспенен

**Санжар:**

Жаңа жыл келгенде,

Қуанып қарсы аламыз.

Аяз ата келгенде,

Би билейміз ән саламыз.

**Асылжан:**

Жапалақтап ақшақар,

Жауды күнде қайталап,

Қырға шықты балалар,

Шанғыларын аркалап.

**Айбибі:**

Жасыл желек жамылған,

Асыл моншақ тағылған

Міне, сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған.

**Өміре:**

Тілеймін мен бар әлемге,

Дос көп болсын жанашыр,

Ата-әже, ата-әже

Құтты болсын Жаңа жыл!

**Жүргізуші:** -Ақшақар, балалар сендер шана ойнын ойнағыларың келеді ме?

Ендеше бір-біріміздің қолымыздан ұстап, шанаға мінейік.

**Ойын: “Шана”**

**Жүргізуші:** -Осы қардан не жасауға болады?

**Балалар:** - Аққала.

(жарық өшеді. Аққала кіреді)

**Аққала** -Сәлеметсіздерме, балалар! Қандай қуаныштымын, сендерді көргеніме.

**Жүргізуші:** -Ой, балалар, қарандаршы, Аққала! Қош келдің, Аққала! Балалар сені өте жақсы көреді. Өзіне арнап тақпақтар жаттады.

**Айша:**

Ауыл алды Ақшақар,  
Ақшақарда балалар.  
Кіп-кішкентай боп қана,  
Соғып жатыр аққала.

**Раяна :**

Аппак күміс бар әлем,  
Зымырайды шанамен,  
Жиналып ап, бар бала,  
Тұрғызамыз аққала.

**Али:**

Қар жауғанда топ бала,  
Соқтық келіп Аққала  
Мұрны сәбіз үп-үшкір  
Көзі көмір қап-қара.

**Мансұр:**

Жаңа жыл келгенде,  
Қуанып қарсы аламыз.  
Аяз ата келгенде,  
Билейміз ән саламыз.

**Инжу:**

Аппак тонға оранып,  
Базарлықты мол атып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оранып.

**Аққала:** -Рахмет балалар! Тақпақтарың жақсы екен ризамын! Енді мен сендерді билеуге шақырамын.

**Би: «Аққала»**

**Аққала:** (*шыршаға қарап*) -Балалар, мына шыршаның шамдары әлі жанбапты ғой. Шырша шамын кім жағуы мүмкін?

**Балалар:** -Аяз ата.

**Аққала:** -Ендеше, Аяз атаны шақырайық!

**Балалар:** -Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата.

**Аяз ата: (*есік сыртынан*)** Естідім, естідім

Армысыздар ұлдарым,  
Армысыздар қыздарым!

Асулармен алысқан,  
Асу жолмен жарысқан  
Аталарың сендерге,  
Шаршап келді алыстан.

**Жүргізуші:** -Аяз ата амансың ба? Біз сені сағынып күтіп отырмыз. Қош келдіңіз ортамызға.

**Ақкала:**Армысыз,Аяз ата! Аяз ата біз шырша шамдарын қалай жағуды білмей тұрмыз. Енді өзіңіз жағып беріңізші.

**Аяз ата:**-Жарайды жағайын! (*таяғымен жағуға тырысады, жанбайды*) Жан – жағына қарайды. –Қап, неге жанбайды? Ааа, таяғым су болып қалыпты ғой! (*гномдарды көреді*) Оу, мұнда менің кішкентай көмекшілерім отыр екен ғой. Кәне, сендер көмектесіндер. (*Шамдарды ортаға қою*)

**Би:** «Гномдар»

*Би аяқталғанда Гномдар шырша түбіне шамдарын қалдырып отырады.  
Шырша тағы жанбайды.*

**Аяз ата:**-Шамдар әлі жанбады ғой. (*ойланады*) Ө, таптым, таптым, Балалар шыршаға арнап ән айтып берейік, мүмкін сол кезде жанып қалар.

**Ән:** «Кішкентай шырша»

**Аяз ата:** Шырша әлі жанбады,*ойланады.* Балалар сикырлы сөзді айтып қарайық. Мүмкін сол кезде жанар.

**Балалар:** Бір,екі,үш. Шырша шамы жана түс ( Зрет) *Шырша жанады.*

**Ақкала:**-Міне, тамаша шыршаның шамдарын жағып айналамыз жарқырап кетті.

**Жүргізуші:** -Рахмет, Аяз ата! Шыршамыздың құрметіне Шырша биін қабыл алыңыз.

**Би:** «Шырша»

**Жүргізуші:** Аяз ата,енді балалардың өзіңізге арнаған такпактарын тамашалаңыз.

**Меруерт**

Жаңа жылым мол болсын,  
Басқан қадам оң болсын.

Төрле, төрле, жаңа жыл,  
Бізге құтты жыл болсын!

**Мерей:**

Далада қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды,  
Мүз болады қатады,  
Жып-жылтыр боп жатады.

**Амина:**

Аяз ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты паң ата

Асып өтіп асқар тауды,  
Жеттің бізге таң ата.

**Адия:**

Сақалы аппақ күмістей,  
Тістері аппақ күріштей.  
Қызыл ала шапаны  
Сағындым Аяз атаны.

**Амир:**

Аяз ата келді,  
Тамашаны көрді,  
Риза болып қуанып,  
Бізге сыйлық берді.

**Жүргізуші:** Аяз ата, балалардың сізге арнаған әндері де бар:

**Ән: «Аяз ата»**

*(шыришаны айналады, ән біткенде балалар отырмайды)*

**Аяз ата:** -Мен жолдан шаршасам да, балалар мен ойнаудан шаршамаймын.

**Жүргізуші:** Балалар, Аяз ата бізбен ойнағысы келеді. Ойын «Қар лақтыру»деп аталады. Ойын шарты түсіндіріледі.

**Ойын: «Қар лақтыру»**

*(Аяз ата ойын ойнап шаршайды.)*

**Аяз ата:**-Ой, балалар, бәрің епті, әрі жылдам екенсіңдер.Uh! Шаршамаймын деп едім, бірақ шаршап қалдым.

**Жүргізуші:** -Аяз ата отырыңыз. Демалыңыз, қазір балалар өз өнерлерімен сіздің көңіліңізді көтереді, шаршағаныңызды басады. Кәне, балалар Аяз атаға арнаған тақпақтарыңды айтып беріңдер.

**айсұлтан:**

Көрдің бе Аяз атаны,  
Аппақ екен сақалы,  
Аппақ екен мұрты да,  
Аппақ екен шапаны.

**Асылхан:**

Келіңіздер, келіңіздер,  
Биде билеп беріңіздер  
Қызығы мол жаңа жылдың,  
Тамашасын көріңіздер.

**Ақан:**

Аяз ата аппақ,  
Кәмпиттері тәтті ақ.  
Кәмпиттерді көп берсе,  
Тағы айтамын тақпақ.

**Алина:**

Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса.  
Басында әсем жұлдызы,  
Көз тоймайды қараса.

**Марлен:**

Орала ма ол енді,  
Айтар едім өленді,  
Жылдамырақ келсе екен  
Бізге сыйлық берсе екен.

**Амина:**

Жап-жасыл шырша,  
Орманның төрінде,  
Шыршаны күрса  
Керемет көрме.

**Аяна :**

Жаңа жылмен, жаңа жылмен!  
Құттықтаймыз әрине  
Өкемізді, анамызды  
Қонақтардың бәрін де.

**Жүргізуші:-** Кәне, енді кішкентай ұлпақарлар Аяз атаға билерінді билеп беріндерші.

*(Қолдарына шашақтар таратып беру)*

**Би: «Ұлпақарлар»**

**Аяз ата:** -Жарайсындар, ұлпақарлар рахмет сендерге!

**Аяз ата:-**Өн тыңдадық,  
Шын көңілмен қуандық,  
Мерекені бітірейік,  
Қайдасың қызым кетелік.

**Жүргізуші:-**Аяз ата, ал мына балаларыңызға сыйлығыңыз қайда?

**Аяз ата:-**Қап, асығып жүріп орманда қалдырып кетіппін.

**Аққала:-**Ата мен барып алып келейін. *(Аққала шығып кетеді, осы кезде қатшық сыйлықтар шығып жүгіреді, артынан Аққала қуып шығады)*

**Аққала -**Ұстандар, көмектесіндер!


*Аяз ата ұстай алмай қалады қатшық шығып кетеді*

*Аққала сыйлық салған мешокты сүйреп алып келеді*

**Аяз ата сыйлық таратады .**

**Аяз ата:-** Рахмет қарақтарым! Міне, балаларым, Жаңа жыл құтты болсын!  
Келер жыл елімізге құт, береке әкелсін! Дендерін сау, бақытты болындар!

**Жүргізуші:-** Құрметті қонақтар кіріп келе жатқан жаңа жылдарыңыз құтты болсын. Барлықтарыңыздың отбасыларыңызға бақыт, шағтық, молшылық тілейміз.



«ТОО» «С.О.К.» «Бекітемін»  
ЖШС С.О.К. «Димаш» бөбекжайы  
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

# Баяндама: «Баланың бас ұстазы ата-ана!»

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж

2024-2025 оқу жылы

## **Б а я н д а м а**

Тақырыбы: «Баланың бас ұстазы ата-ана» .

Ұлтымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген дана сөзі бар. «Балапан» қыран болуы үшін оны самғатып ұшыратын ата – анасы да, қыран болуы керек – деп отбасымыз тәрбиеге ерекше көңіл бөлген.

Ата – ана отбасының негізгі дінгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Әке – отбасының асыраушысы, камқоршы тірегі, ана – отбасының ұйытқысы, жытуы, шуағы. Жақсы ана отбасына береке әкеліп, оларды бақытқа бөлейді. Ата – анаға баладан артық ешкім жоқ. Сондықтан әке де, шеше де балаларын жан дүниесіне үңіліп, мінез құлқындағы ерекшеліктерді жете білген жөн. Балалармен әңгімелескен кезде, олардың пікірлерімен санасып отырған орынды. Әке мен шеше ұл – қызымен үй шаруасында әңгімелесіп ой – бөлісуіне болады. Баланың бойына баолық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарын болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата – ананың басты парызы.

**Тәрбиелеу** – балаға мақсат көздей ұйымшылдықпен және жүйелі ықпал жасау деген сөз. Осы ықпалдың аркасында бала тәрбиеші талап ететін мінез сапаларына ие болады, мінез – құлық ережелерін бойына сіңіреді. Тәрбие баланың дене және ақыл – ой қабілетін дамытады. Оны алдағы еңбекке даярлайды.

Бала тәрбиелеу – зор елеулі, сонымен бірге қиын іс. Баланың адамшылығын қалыптастыру, оның ақылын молайту, оны белгілі адами сапаға, көркемдік талғампаздыққа және талапқа баулу – бұданда қиынырақ іс.

Жас адамды саналы, есті, мәдениетті сергек етіп тәрбиелеу – отбасы мен қоғамдық тәрбие орындарының бірден – бір парызы.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана және отбасы.

Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер – отбасында қалыптасады.

Сондықтанда туған үйдің жылуы оның көкірегінде. Көп жылдар бойы сақталып мәңгі есінде жүреді. Отбасы – табиғат сыйлаған кереметтердің бірі, десек артық айтқандық емес.

Сондықтан отбасы – өте қажетті басқадай ешнәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ.

Отбасы – сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы.

Отбасының басты қызығы алтын тіреу дінгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Ата мен ана – бала тәрбиесінің камқоршысы, өнегесі.

Қадірлі ата – ана отбасындағы берілген тәрбие жігерінді құм қылып жерге қаратпасын десеңіз, балаға кішкентайынан түзу тәрбие бер, бал тәрбиесіне уақытында көңіл бөліп, еліміздің инабатты, адамгершілігі мол, білімді сапалы ұрпағын тәрбиелейік. Егер ата – ана мен мектеп өзара тығыз байланыста болса, балаға бірдей талап қойылса, тәуелсіз еліміздің ұл – қыздары жан – жақты дамыған азамат болып шығаруы сөзсіз.

ЖШС С.О.К. «Димань» бөбекжайы  
Менгерушісі: С.Д.Ербатырова

## **Кеңес: Тұмау ауруынан сақтана білейік!**

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

**Тұмау** — жедел маусымдық вирустық ауру. Вирустар 3 түрге бөлінеді: А, В және С, әрқайсысының өз штамдары бар, бұл вирустың антигендік құрылымын жыл сайын өзгертуге мүмкіндік береді. Ауру оның күтпегендігімен қауіпті.

Маусымдық індеттер жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде пайда болады. Инфекцияның негізгі көзі науқас адам болып табылады, инфекцияның таралу жолы ауа-тамшылы. Адамдардың тұмау вирустарына бейімділігі абсолютті. Эпидемиялық өршу кезіндегі сырқаттанушылықтың ең жоғары көрсеткіштері балалар арасында.

**Тұмаудың алғашқы белгілері**

Тұмау клиникалық белгілердің өте жылдам дамуымен сипатталады. Дене температурасы максималды мәндерге жетеді ( $39^{\circ}\text{C}$ – $40^{\circ}\text{C}$ ) қазірдің өзінде

алғашқы 12-24 сағатта. Бас ауруы пайда болады, ол негізінен фронтотемпоральды аймақта локализацияланған, көз алмасының қозғалысы кезінде ауырсыну, фотофобия, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну, жиі жүрек айнуы немесе құсу пайда болады, қан қысымы төмендеуі мүмкін. Тұмаудың типтік түрі - төс сүйегі, отит, пневмония аймағында ауырсынатын жөтелмен бірге жүретін трахеиттің дамуы.

Тұмау кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануы вирустың уытты әсерімен байланысты, бұл серозды менингит пен менингоэнцефалитке дейін функционалдық бұзылыстарды тудырады. Жүйке жүйесінің зақымдануы аурудың 3-5-ші күндерінде жиі дамиды: қатты бас ауруы, құсу, құрысулар, сананың өзгеруі пайда болады.

#### **Тұмауға қарсы вакцинация**

Бұл тұмаумен күресудің ең тиімді шарасы. Вакцинация ауру мен асқыну қаупін азайтады. Заманауи вакциналар инактивацияланады, суббірліктерде "тірі" вирус жоқ және ең қауіпсіз және ең тиімдісі болып табылады.

Вакцина адам ағзасында тұмау вирусына қарсы антиденелердің түзілуін ынталандырады. Тұмауға қарсы вакциналардың барлық спектрі Ресейде тіркеуден өткен және қолдануға рұқсат етілген.

Тұмауға қарсы вакциналар қауіпсіз және тұмаудың алдын алу және асқынулардың дамуы тұрғысынан жоғары тиімділікке ие. Вакцинация тұмаумен сырқаттанушылықты орта есеппен 2 есе азайтады, вакцинацияланған адамдарда ауырған жағдайда ол жеңілірек өтеді және асқынулардың дамуына әкелмейді. Вакцинация алдында әрбір егілген адамды медициналық қызметкер тексереді.

Өткен маусымдағы тұмауға қарсы вакцинаны қолдануға жол берілмейді.

Тұмауға қарсы екпе алудың ең жақсы уақыты қашан?

Қыркүйектен желтоқсанға дейін. Эпидемия кезіндегі вакцинация да қауіпсіз және тиімді, дегенмен иммунитеттің дамуы кезеңінде (вакцинациядан кейін 7-15 күн өткен соң) профилактиканы басқа әдістермен жүргізу қажет. Ең алдымен, әлсіреген балаларды вакцинациялау керек, өйткені олар өздерінде, әдетте, ауыр түрдегі инфекцияларға ең сезімтал.

#### **Балабақшада ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу**

1-5 жас аралығындағы балалар әсіресе жиі ауырады, бұл аналық иммунитеттің жоғалуымен және өзінің толық қалыптаспауымен түсіндіріледі<sup>3</sup>. Егер сіздің балаңыз балабақшаға баратын болса, онда ЖРВИ эпизодтары оның келуінің бірінші жылында орта есеппен 8 рет, екіншісінде 6 ретке дейін және үшіншісінде 4 ретке дейін болуы мүмкін екенін біліңіз<sup>3</sup>. 3 жасқа дейінгі балаларда суық тию, әсіресе тұмауды болжау мүмкін емес<sup>3</sup>. Мұндай жағдайларда өзін-өзі емдеуге жол берілмейді, мамандардың көмегіне жүгіну қажет<sup>2</sup>.

Жіті респираторлық вирустық аурулардың ықтимал жағдайларының санын азайту үшін:

- түсіндіріңіз балаларға қол жуудың маңыздылығы<sup>1</sup> неліктен мұрынға, ауызға және көзге жиі қол тигізбеу керектігін айтыңыз<sup>2</sup>;
- бағаланыз, балабақшада қалай сақталады ұйқы және сергектік режимі, балаларды немен тамақтандырады және тәрбиешілер таза ауада серуендеуді қаншалықты жиі ұйымдастырады<sup>4</sup>.

Бір уақытта бірнеше бала жұқтырған топта вирустық инфекцияның ошағы қалыптасып үлгергенін есте сақтаңыз. Балаңыз балабақшаға қайта бармас бұрын, дымқыл тазалау және желдету арқылы дезинфекциялау шаралары жүргізілгеніне көз жеткізіңіз. Барлығы дерлік зарарсыздандырылады: ыдыс-аяқ, сүлгілер, балалар ойыншықтары, беттер, заттар, санитарлық жабдықтар және ауа<sup>4</sup>.

Тұмау мен ЖРВИ өршуі кезінде күнделікті таңертеңгі тексеруде аурудың ең аз белгілері болса да балаларды топқа қабылдауға болмайтынын есте сақтаңыз<sup>3</sup>.

Суықтың алдын алудағы маңызды қадам оның ең көп тараған себебі вируспен күресу болып табылады.

Балалар орта есеппен ересектерге қарағанда тұмау мен ЖРВИ-мен жиі ауырады, бірақ бұл суық тиюдің алдын алу мүмкін емес дегенді білдірмейді<sup>2</sup>. Осы мақсатта пайдалануға болады Анаферон® балалар<sup>9</sup>. Препарат вирустарға қарсы әсер етеді, олардың зақымдалған тіндердегі концентрациясын төмендетеді және иммундық жасушалардың функционалдық белсенділігін арттыру және антиденелердің (секреторлық иммуноглобулин А) түзілуіне ықпал ету арқылы иммунитетті ынталандырады<sup>9</sup>. Анаферон® балаларға арналған резорбцияға арналған таблетка түрінде 1 айдан 18 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болады<sup>9</sup>. Суық мезгілде препаратты профилактикалық агент ретінде 3 айға дейін қолдануға болады<sup>9</sup>.

Естеріңізге сала кетейік, екпеден бас тарту арқылы сіз балаңыздың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіресіз. Сау болыңыздар!



# **Кеңес: Мектеп жасына дейінгі балалардың қорқынышы және оның коррекциясы**

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

## **Мектеп жасына дейінгі балалардың қорқынышы және оның коррекциясы**

Баланың қорқыныш сезімі неше жасында пайда болады және ол неден болады?

4-айынан бастап-ақ нәресте өзіне жақын адамдардың жанында барлығына көңіл аудара бастайды.

7 айлық анасының жанынан кетіп қалғанын сезіп, алаңдап, тынышсызданып жылай бастайды. Себебі, ол жалғыз қалуға қорқады.

Егер анасы сәбиінің бойындағы осындай үрейіне еркелігі, балалығы деп салғырттықпен қараса, бұл баланың бойында келешекте жалғыздықтың алдындағы және жанына жақын адамынан айырылып қалу қорқынышын тудырады.

Жалғыздық алдындағы қорқыныш не себепті туындайды?

Нәресте дүниеге келсе де, ол әлі анасыман кіндігі арқылы эмоционалды жағынан тығыз байланыста болады. Анасы мен өзін сәби бөлінбейтін, біртұтас дене деп қабылдайды, сол себепті анасының кетіп қалғанын білісімен-ақ қамқоры мен мейірімін сезіне алмай қалады.

Осының салдарынан баланың бойында алаңдаушылық пайда болады.

8 айлығында бөтен адамдардан жатырқай бастайды. Анасының құшағына тығылып, бейтаныс адамдардан қашып, теріс айналып, мазасызданып жылайды, не себепті десеңіз? Ол өзін-өзі қорғау.

Есейе келе жай адамдардың алдындағы қорқыныш сезімі жойыла бастайды. 1 жас 4 айда таныс емес адамдарға жайлап үйрене бастайды.

3 жас шамасында бала айналасымен белсенді түрде таныса бастайды. Қорқыныш сезімі шамамен барлық баланың бойында болады. Бірақ үлкендер тарапынан дер кезінде дұрыс тәрбие берілсе, қамқорлық көрсетілсе, ол тез жойылады. Ал кері жағдайда баланың қалыптасып келе жатқан мінез-құлқына кері әсерді тигізеді.

3 жастан кейін балалардың қорқыныш сезімі саналы түрде айқындала бастайды. Кез-келген ата-ана және тәрбиеші адам баланың неден қорқатынын бірден айтып береді.

3-5 жасар балалар ертегі кейіпкерлерінен және жануарлардан қорқады. Бұған үлкендер өздері әсер етеді (қорқытады). Бұл жастағы балаларға жаман түс көру, кей жануарлардан қорқу, тереңдіктен, оттан, жазалаудан қорқу жиі кездеседі.

5-6 жаста баланың көбінесе өлім алдындағы қорқыныш сезімін бастан кешіреді. Өйткені бұл интеллектуалды даму ерекшелігімен байланысты. Ол «уақыт», «жас», «өмір» деген сөздердің мағынасын түсіне бастайды. 5-6 жасар бала емделу шараларынан да қорқады.

Қорқыныштың пайда болу себептері өте көп:

Зерттеу нәтижесінде ер баланың қорқыныш сезімі қыз балаларға қарағанда аз байқалады және ол дәлелденген. Оған қоса әкесі не шешесі

жоқ отбасында өсіп келе жатқан ер баланың қорқыныш сезімі отбасы мүшелері толық ортада өскен ер балаға қарағанда басымырақ.

Ата-анасының ажырасуы қыз балаға айтарлықтай әсер етпейді (бала анасыман қалады), ер бала әке тәрбиесінен айырылғандықтан қорқыныш сезімі болады.

Баласына шектен тыс қамқорлық көрсету арқылы ата-анасы оған зиянын тигізіп жатқанын аңғармайды.

Балалардың барлығы да түнде қорқынышты түстерден шошынып оянады, оның себебі өмірде болған оқиғаға байланысты.

Баланың қорқыныш сезімін бейтараптындыруға (залалсыздандыруға) арналған бағдарламалар:

Бағдарлама бірнеше кезеңнен тұрады. Соның бірі – қорқыныштың суретін салу. Барлық бала сурет салуды жақсы көреді. Бұл 3 жастан бастап кішкентайыңыздың сүйікті ісіне айналады. Психологтардың айтуынша, сурет арқылы ол өзінің сезімдері мен көңіл-күйін, қызығушылықтарын, тілегін, арманын, ішкі жан дүниесінің күйзелісін бейнелейді.

Егер баланың салған суретінде сұр және қара түс қалың болса, өмірге қызығушылығы жоқ, үнемі көңіл-күйі төмен, қорқынышы көп деген сөз. Ал егер ашық, қалың бояулар басым болса, онда бұл көтеріңкі көңіл-күйдің бейнесі.

## **Мектеп жасына дейінгі балалар агрессивтілігі және оның коррекциясы.**

Агрессивтілік – қастандылық, өшпенділік. Адамның басқа адамдарға, жануарларға және қорқыныш өмірге қатынасында өшпенділік жағдайында көрінетін мінездің ерекшеліктері.

Агрессия кенеттен пайда болмайды. Ол жеке адамдар арасындағы әртүрлі қарым-қатынастардан, қорқытып-үркітуден пайда болады. Бүгінгі кезде кино, бейнетаспалардағы қатігездік, күш көрсету көріністері көрермендердің агрессивтілік деңгейін арттыруға себеп болатындығы қазіргі кезде дәлелденген.

Егер қандай да бір агрессивті қылық көрсеткені үшін ата-ана баланы қатаң жазаласа, ол өзі ыза-ашуын ата-ана алдында көрсетпей, ішінде сақтауға үйренеді, бірақ бұл оның басқа жағдайда агрессивті қылық көрсетпейтініне кепіл болмайды.

Балалар көп жағдайда барлық назарды өзіне аударуы үшін агрессивті қылық көрсетеді.

Ата-ананың бала не айтса да көнетіндігі, шешім қабылдауды сенімсіздігі, мінез жұмсақтығы баланың бойында «айтқанымды істеймін» деген агрессивті әрекет туғызады. Агрессивті баланың мінез-құлқын тәртіпке келтіруде мына бағыттарда жұмыс жасау қажет:

1. Агрессивті балалардың өз ашу-ызасын басқаға зияны тиіп кетпейтіндей күйде төмендетуге үйрету.
2. Балаларды әртүрлі жағдайларда өзін-өзі ұстай алуға, іс-әрекетіне бақылау жасап, өзін-өзі басқару әдістерін үйрету.
3. Дау-дамай жағдайларда қарым-қатынас жасай алуға дағдыландыру.
4. Адамдарға сену, жаны ашу (эмпатия) сияқты қасиеттерді қалыптастыру.

### **Отбасымен коррекциялық жұмыс және кеңес беру.**

Отбасылық кеңес берудің негізгі сұрақтары:

Қазіргі таңда психологиялық кеңес берудің ерекше және кең таралған саласы – отбасылық кеңес беру жиі қолданылады. Мұндай кеңес беру саласын мынадай түрлерге бөліп қарастыруға болады:

1. Болашақ жарын таңдауда кеңес беру
2. Отбасы болып қалыптасқан жұптарға, олардың арасындағы қарым-қатынастарға байланысты кеңес беру
3. Ерлі-зайыптыларға олардың өздерінің және жұптарының ата-аналарымен қарым-қатынастарына байланысты кеңес беру.
4. Ата-аналарының және балаларының қарым-қатынастарына байланысты кеңес беру және түзету жұмыстары

Отбасылық кеңес берудің әрбір түрінде өзіне тән ерекшеліктері бар және әрбіреуінде тұлғааралық қарым-қатынастарда жиі кездесетін қиыншылықтар қарастырылады, олармен жүргізілетін түзету және кеңес беру жұмыстары талқыланады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен кеңес беру жұмыстары:

МЖДБ-рдың ата-аналарымен қарым-қатынастары тек қана бір отбасына ғана емес, әртүрлі отбасыларға тән болуы мүмкін, яғни, өздерінің МЖДБ-ры бар ата-аналар мен олардың ата-аналары арасындағы қарым-қатынастар да жатады.

МЖДБ-мен олардың ата-аналарына қатысты кеңес беру жұмыстарының ішінде кең тараған мынадай мәселелер бар:

1. Енді ғана отбасын құрған жас ата-аналар балалары 2-4 жасқа келгенде көптеген қиындықтарға душар болады. Бұл қиыншылықтар көбінесе баланың көнеттен өте активті немесе керісінше пассивті болуынан пайда болады. Бұл жерде 3 жас дағдарысының орны ерекше. Екеуі де ата-ананың алаңдауына, психолог кеңес берушіге көмекке жүгінуіне әкеледі.
2. 2 немесе одан да көп балалары бар ата-аналардың балаларының арасындағы қиындықтар.
3. Балалары әлі сәби кезінде де ата-аналар арасында көптеген ұрыс-керістер болуы мүмкін. Яғни, ата-аналар баланың тәрбиесіне кім жауапты екендігі жайлы мәселеге жиі тоқталады.
4. 7 жасқа толған баланың мектепке барғысы келмеуі, оның ата-анасын қатты алаңдатады.
5. МЖДБ-да оның ата-анасы көптеген қиындықтарды, өзгерістерді байқауы.
6. Енді мектепке барғалы жүрген баланың ата-анасы оны мектепке дайындағысы келеді, бірақ мұндай жағдайларда да көптеген қиындықтар болуы мүмкін.
7. Баласын мектепке дайындағысы келген ата-ана, оның психологиялық ерекшеліктерін ескермей, оны қинап дайындау нәтижесінде кері әсер алады.

Енді осы әрбір жағдайға байланысты кеңес беру жұмыстарына тоқталсақ.

1-жағдай: 2-3 жасқа келген баланың бойындағы өзгерістерді оның ата-анасы бірден байқалмайды. Сондықтан ата-анасы баласының мұндай психологиялық өзгешеліктерін дер кезінде байқап, онымен күресу керек және оған дайын болулары керек.

2-жағдай: бұл жағдайда ата-аналарды не алаңдататындығын анықтап алып, оларға балаларымен арасындағы келіспеушілік уақытша екеніні түсіндіру қажет. Бала өсе келе ондай келіспеушіліктер азаятындығын немесе мүлдем жоғалатындығын, қалыпқа келетіндігін түсіндіру керек.

3-жағдай: бұл жағдайда нақты кеңес берудің түрі жоқ, бұл мәселедегі басты жағдай – кеңес беру жұмысының балаға оң әсер беруінде, баланың тәрбие жұмысында, оның өмірге бейімделуінде кездесетін қиындықтардың шешілуі.

4-жағдай: баланың мектепке барғысы келмеуінің бірнеше себептері бар: ол баланың психологиялық жағынан мектепке баруға дайын еместігінде ғана емес. Баланың мектепке барғысы келмеуін оның өзінің «мен мектепке барғым келмейді» деген сөздерінен ғана айтуға болмайды және одан мұндай қорытынды шығаруға болмайды. Мүмкін бала, мектепте оны не күтіп тұрғанын толық білмеуі мүмкін, сондықтан балаға мектеп туралы жағымды ұғым қалыптастыру керек.

5-жағдай: бұл жағдай – МЖДБ-рдың бойында болатын психологиялық қиындықтар мәселелері және оның ата-аналарының оған қатты алаңдауы. Бұл жерде ата-ананы не мазалайтынын анықтау қажет. Бұл 1-ден баланың дамуындағы психологиялық қиындықтарға байланысты болуы мүмкін, 2-ден кез-келген ата-ана психолог емес, сондықтан олар баладағы қиындықтарды дұрыс бағаламауы мүмкін.

6-жағдай: ата-ана баласының мектепке дайындығына қатты алаңдайды, әсіресе болашағына өте мазасыздықпен қарайтын ата-аналар.

7-жағдай: бұл жағдайда ата-анасы баласын мектепке өте ерте дайындауға ұмтылады. Бұл мүмкін дұрыс шығар. Бірақ бұл жерде баланың психологиялық және жеке ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонымен қатар оның отбасындағы жағдайын, ерте мектепке дайындауға мүмкіндік бар ма, соны да ескеру керек.



## Ата-аналарға кеңес: « Егер балаңыз тым белсенді болса.....

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.М.  
Сейтен Н.Ж.

2024-2025 оқу жылы

### "Сіздің балаңыз шамадан тыс белсенді..."

**Мұндай баламен қарым-қатынас жасаудың негізгі ережелері:**

1. Баламен қарым-қатынасыңызда позитивті қатынасты сақтаңыз. Оған лайықты болған кез-келген жағдайда оны мақтаңыз, жетістіктеріңізді атап өтіңіз. Бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі.
2. "Жок" және "жоқ" сөздерін қайталаудан аулақ болыңыз.
3. Ұстамды, сабырлы, жұмсақ сөйлеңіз. (Айқай баланы қоздырады)
4. Балаға белгілі бір уақыт аралығында бір ғана тапсырма беріңіз, сонда ол оны орындай алады.
5. Ауызша нұсқауларды күшейту үшін визуалды ынталандыруды қолданыңыз.
6. Баланы зейінін шоғырландыруды қажет ететін барлық іс-әрекеттері үшін марапаттаңыз (мысалы, блоктармен, конструктормен, үстел ойындарымен жұмыс, сурет салу, оқу).

7. Үйде күн тәртібін қатаң сақтаңыз. Тамақтану, үй тапсырмасын орындау және күнделікті ұйықтау уақыты осы тәртіпке сәйкес келуі керек.
8. Мүмкіндігінше көп адамдардан аулақ болыңыз. Ірі дүкендерде, базарларда және сол сияқтыларда болу балаға шамадан тыс ынталандырушы әсер етеді.
9. Ойын кезінде баланы тек бір серіктеспен шектеңіз. Мазасыз, шулы достардан аулақ болыңыз.
10. Баланы шаршаудан сақтаңыз, себебі бұл өзін-өзі бақылаудың төмендеуіне және гиперактивтіліктің жоғарылауына әкеледі.
11. Баланызға артық энергияны жұмсауға мүмкіндік беріңіз. Таза ауада күнделікті дене шынықтыру жаттығулары пайдалы — серуендеу, жүгіру, спортпен шұғылдану (гимнастика, жүзу, теннис, бірақ күрес немесе бокс емес, өйткені бұл спорт түрлері жарақат алады).

**Балалардағы гиперактивтілікті анықтауға арналған ата-аналарға арналған сауалнама: Менің балам:**

1. Өте мобильді, көп жүгіреді, үнемі айналады.
2. Басқа балаларға қарағанда әлдеқайда аз ұйықтайды.
3. Өте сөйлейтін.
4. Ол тыныш, тыныш ойнай алмайды немесе бірдеңе істей алмайды.
5. Өз кезегін әрең күтеді (ойындарда, дүкендерде).
6. сұрақты тыңдамай жауап бере бастайды, немесе, керісінше, сұрақ қойып, жауабын тыңдамайды.
7. Көбіне басқаларға кедергі келтіреді, ересектердің әңгімелеріне араласады.
8. Сыйақыны тыныш күте алмайды (егер, мысалы, олар оған бірдеңе сатып алуға уәде берген болса).
9. Олар хабарласқан кезде жиі естімейді.
10. Кітап оқығанда оның назарын аудару оңай.
11. Көбіне ол бастаған ісін (ойын, тапсырма) сорып тастайды.
12. Ұзақ уақыт шоғырлануды қажет ететін әреке



# «1 – наурыз Алғыс айту!»

«Балбөбек» ортаңғы тобы

Тәрбиешілер: Темірболатова Г.  
Ермекова А.

2024-2025 оқу жылы

**Тақырыбы:** 1 наурыз–Алғысайту күні.

**Мақсаты:**

*Дамытушылық: ризашылық, рахмет, алғыс туралы түсінік беру;*

*Ізденушілік: үлкен — кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым — қатынасын дамыу;*

*Тәрбиелік: әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу*

**Тәрбиеші:**

*Көктем, көктем, көктемде*

*Құстар келіп жеткенде*

*Біз қуанып қаламыз*

*Құстар келіп жеткенде*

*Ән мен қарсы аламыз*

*Көктем, көктем, көктемде*

*Күн күркіреп өткенде*

*Нұр-жаңбырды тосамыз,*

*Оны да әнге қосамыз, - Қайырлық күн қымбатты балалар,  
құрметті қонақтар және тәрбиешілер! «1 наурыз – Алғыс күні»  
атты Ризашылық күніне арналған қошкелдіңіздер!*

**Тәрбиеші:** Ризашылық күні адамдар бір-біріне қуаныш, шаттық сыйлайды, өз жетістіктерімен бөліседі, бір-біріне алғысын айтады.

**Тәрбиеші:** Адамдар бір-біріне ризашылықтарын, алғыстарын білдіріп тұру керек. Балалар, осы сөздерге назар аударыңдаршы. Алғыс айту – бір адамның екінші адамға деген ықыласы, оны мойындау сезімі, жақсылығы үшін білдіретін ниеті.

**Тәрбиеші:** Адамдар бір-біріне деген алғыс сезімдерін қандай сөздер арқылы білдіреді?

- «Рахмет», «алғыс айтамын», «сізге өте тәнтімін», «көп-көп рахмет», т.б. сөздер.

- Балабақшада тәрбие, білім алып жатқанымыз үшін алғыс айтуымыз керек.

- Бізге әріптерді үйреткен тәрбиешілерімізге алғысымызды айтуымыз керек.
- Жарық сәулесін сыйлаған күнге алғыс айтуымыз керек
- Таза ауасын сыйлаған ағаштарға рахмет айтуымыз керек
- Бізге өмір сыйлаған анамызға алғыс айтуымыз керек

*Біз анамызға қалай алғыс білдіреміз?*

- Анаға күлкі сыйлауымыз керек.
- Оған қамқор болуымыз керек
- Сабақты жақсы оқуымыз керек
- Тәртіпті, әдепті болуымыз керек.

*Балалар, осы айтылған жақсы сөздерді әрқашанда жадымызда сақтап жүрейік.*

***Тәрбиеші:***

*Аллаға әуелі рахмет!*

*Тірлікті мынау жаратқан.*

*Анаға шексіз рахмет!*

*Ақ сүт берген, толғатқан.*

*Әкеге айтаммыңалғыс!*

*Ұрпақтар жібін тарқатқан.*

*Бауырғатуған рахмет!*

*Қолдаған, сүйген, жұбатқан –  
дейкелебүлдіршіндеріміздің өлең шумақтарын қабылатыңыз.*

***Амина :Тәрбиешіге ұлы рахмет!***

*Нәріменбілімсусатқан.*

*Балалықдосқарахмет!*

*Қуанғанбіргемұңдасқан.*

*Солжангаайтаммыңалғыс!*

*Сезіміүшінжылытқан.*

*Халқыматуғанрахмет!*

*Шыңдаған, елгетанытқан.*

***Сара:****Қазаққадарханрахмет!*

*Салт-санасынсіңірген.*

*Жеріме байтақ рахмет!*

*Таза ауа үшін сімірген.*

*Барша әлем, саған рахмет!*

*Әр күнім үшін кешірген.*

***Назар:****Үйреттіңіз санды да,*

*Келер деп әлі алдыңа,*

*Келешегімізді ойлап, біздерге*

*Үйретпегеніңізқалдыма.*

***Тәрбиеші:****Тұрмайма жанға жарасып!*

*Баршаға керек жақсылық !*

*Қызғанбай бөліп алыңыз!*

«Сіз» «Біз» деген жылы сөз

Жақсылықтың мейірі.

Бір-біріне болып кез,

Кең болсын адам пейілі- дей келе, бүлдіршіндердің орындауындағы «Сағындым Әже, сағындым» әнін қабыл алыңыздар.

**Тәрбиеші:** Ананың әңгімесі. Бірде анам екеуіміз сырласып отырғанда «Сендей өнегелі, ақылды, тәрбиелі қызым өсіп келе жатқаны мен үшін зор бақыт», – деп айтқан еді. Сол сөзді естігенімде қанаттанып, алға қарай ұмтылдым. Анамның айтқан әр сөзі санамда сайрап, рухтандырып, қанат бітіріп, өмірге деген көзқарасымды қатыптастырып, алдағы болашағымды айқындауға көмектеседі. Ол кісіге деген ризалығымды айтып жеткізу мүмкін емес. Әрине жүректен шыққан сезімді сөзбен емес, іспен дәлелдеу керек емес пе?! Сондықтан мен аянбай еңбектенемін. Рахмет сізге, анашым! Маған берген тәлім-тәрбиеңіз бен аналық махаббатыңызға шексіз ризамын! Сөз соңында айтарым, «АНА» сөзінен аспайық, оны әрқашан қадір тұтып, сыйлайық!

**Тәрбиеші:** Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық!

Бастысы – алғыс айта білу...Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

Әкеге – қорған болғаны үшін,

Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,

Сөзге – жанды жылытатыны үшін,

Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,

Досқа – құшағы мен ығы үшін,

Әжеге – ыстық алақаны үшін,

Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,

Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,

Отқа – жылулығы үшін..

-Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.

**Тәрбиеші:** Келсе ата-анамыз

Кездесті ылғи сізбенен

Деп білеміз панамыз

Қажетті бізге іздеген

Балабақша сәнді, кең

Болды ыңғайлы жай нағыз

Бәрі үшін алдымен

Балабақша меңгерушісі

Камшат атайға

Мың алғыс айтамыз.

**Тәрбиеші:** Алтындай уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге мыңда бір алғыс білдіреміз! Осымен 1 наурыз- Алғыс күніне арналған оқу қызметіміз аяқталды. Сау болыңыздар, көріскенше күн жақсы болсын!



**«Аяулы Анашым»**  
**«Балбөбек» ортаңғы тобы**

**Тәрбиеші: Темірболатова Г.М.**

**2024-2025 оқу жылы**

**«Аяулы анашым!»**

**Мақсаты:** 8 Наурыз –Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу,сұлулықты сезіне

білуге, мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Кейіпкер: Көктем аруы.

Барысы: Әсем әнмен балалар жүрекшелер ұстап музыка залына кіреді.

**Жүргізуші:**

Ана дейміз бәріміз де аңкылдап

Ана дейді жас сәбиде жаркылдап

Ана деген бәйтерегі өмірдің.

Ана деген алтын казық, алтын бак.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіздер ме, құрметті аналар, қымбатты әжелер, әріптестер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-ші Наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Сіздерді көктемнің алғашқы айындағы 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Балалардың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілімізді қабыл алыңыздар.

**Жүргізуші:**

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Айым, күнім, ботақаным деп еркелететін кім? \Ана\

Балалар бізге ең тәтті, ең дәмді тағамды кім дайындап береді? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мереке? \Аналар мерекесі\

Осындай үлкен мерекеде аналардың жүзіне кішкене болса да қуанып сыйлағымыз келе ме? \Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

**Хор: «Ана, Ана, Ана !»**

**Жүргізуші:**

Ақ анашым, әппағым.

Өзің жайлы тақпағым.

Арналады сіздерге.

Бар баланың тақпағын, -дей отырып балалардың тақпақтарын қабыл алыңыздар!

**Күнсұлу**

Қутты болсын ақ анам  
Сегизінші наурызын  
Қасымда бол әрқашан  
Жансын жарық жұлдызын!

**Н. Айбibi**

Әр сөзінді жаттаған,  
Жүрегінде сақтаған.  
Анашым деп мақтанам.  
Айналайын ақ мамам

**Б. Али**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген анашым  
Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамымен құттықтаймын

**Алдияр**

Ана біздің күніміз  
Біз ананың гүліміз  
Балаларды қуанып  
Узақ өмір сүрініз!

**Айбейне**

Қайырымды қасиетті  
Ең ардақтың ақ анам  
Арбір Сози осиетті  
Баға жетпес ақ анам!

**Санжар**

Анам , Анам , Ақ Анам  
Мен өзіңдей ақ балаң  
Айтқан тілді аламын  
Жұмсағанда барамын!

**Әміре**

Мен анамды сүйемін

Сөзін ойға түйемін  
Анамды мен ардақтап  
Басымды оған иемін!

### **Манзура**

Анамды мен жаксы көрем  
Айткан тилин алып жүрем  
Касымда анам жүргенде  
Шаттанып ойнап күлем.

### **Жүргізуші:**

Ақ қар еріп,  
Су көбейіп! Сай салаға толады.  
Ағаш басы бүршік атып,  
Гүл бәйшешек басады.  
Балаларым айтындаршы бұл қай кезде болады? \Көктем мезгілінде \

### **Көктем Аруы келеді.**

Көктем Аруы келіп, балалар мен ,ата-аналармен амандасады.

**Көктем Аруы:** Дала гүлге бөленеді.Қуанышқа кенеледі. Орман,торғай бактарда  
Өйткені мен Көктеммін. Құстар сайрай жөнеледі. Шұғыламды төккенмін.  
Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық ,  
куаныш,сұлулық тілеймін.

**Жүргізуші:**Көктем Аруы кош келдің ,төрлет Көктем Аруы ! Біздің  
шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет. Наурыз аналар  
мерекесіне арналған балалардың өнерін тамашала !

**Көктем Аруы:** Қандай керемет. Әрине бүгін сондай керемет күн әжелер мен  
аналар мерекесі.

Балалар сендер ойын ойнауды жаксы көресіндер ме? Егер сендер менің  
сұрақтарыма жауап берсендер мен сендерге ойын әкелдім,келесесіндер ме?

Балалар көктемде қандай өзгерістер болады?

Көктем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді?

Ендеше ойынның аты «Мен анамның көмекшісімін»

**Ойын:** «Мен анамның көмекшісімін»

**Жүргізуші:**

Мерекеге арналады бүгін билер ,

Көтерілсін канекей,көңіл күйлер

Алдарыңызға қазір ұлдар биі.

Қол соғып демеу берер көрермендер!

**Би:** «Джентельмендер»

Орындайтын – «Балбөбек» тобының ұлдары.

**Хор « Әжетайым ».**

**Тақпақтар:**

**Сара**

Әжем менін Әли де

Уксамайды қариге

Шай қайнатып береді

Биздин уйдин барине!

**Алина**

Еркелесем күнім дейтін

Урысканы білінбейтін

Мандайымнан ніскеп менің

Құлыншағым күнім дейтін.

**Азиз**

Мама бизге келиниз

Әже бизге келиниз

Дайын сизге торимиз

Сизди жаксы коремиз!

**Еркосан**

Бал бөбегін баптаған

Анам үшін мактанам

Аялайтын биздерди

Аман сау жүр ақ мамам!

**Амир**

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші Наурызын!

**Жүргізуші:**

Мың бұралған ақ қайындай

Бишілер шықсын ортаға.

Ал ендеше қол соғайық,

Қошеметпен қолқала.

**Би :«Гүлдер » Орындайтын – «Балбөбек» тобының қыздары.**

**Хор: «Нұрын төккен маған !»**

**Ойын: Бөбектің қолы ананың жүрегі .**

**Жүргізуші:** Көктем Аруы, көрдіңізбе біздің балалардың барлығы өнерлі, әнші және биші!

**Көктем Аруы:**И я, балалардың өнері өте кермет екен,

Бірақ менің басқа топ балаларының өнерін тамашалайтын уақытым келіп қалды !

Гүлдей болсын өміріңіз,

Нұрға толсын көңіліңіз.

Биік боп жұлдызыңыз

Көктемдей құлпырыңыз.

Барлық Аяулы Аналарды , Ардақты Әжелерді , Сүйкімді қыздарымызды көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Сау болыңыздар!

**Жүргізуші:**

Күндеріңіз толсын гүлге, желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді

Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.





# **«Қош келдің Наурыз!»**

**«Балбөбек» ортаңғы тобы**

**Тәрбиеші: Темірболатова Г.М.  
Ермекова А.**

**2024-2025 оқу жылы**

**Мақсаты:** Балаларды Ұлыс мерекесінің дәстүрлерімен, ырымдарымен, халқымыздың салт-дәстүрімен таныстыру. Ата-аналармен балабақша арасындағы байланысты нығайту. Ұлттық мерекелерді құрметтеуге, әдег-ғұрыпты сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:**Киіз үй жабдықтары.Қазақ халқының ұлттық тағамдары. Ұлттық киімдер.Қол-өнер бұйымдары.

**Жүргізуші:**Армысыздар,құрметті ата-аналар,қонақтар,әріптестер. «Шағала» ортаңғы тобының «Қош келдің,Наурыз» атты ертенгілігіне қош келдіңіздер.

Жер ананың тоң кеудесі жібіп, Самарқанның көк тасы еріген қасиетті Наурыз айы туғанда амалдыкпен қайтып қауышқан күніміз құтты болсын!

Наурыз елімізге құт-береке әкелсін!

Наурыз келді дегенше,

Көктем келді дегейсің.

Көктем елді жайнатар,

Сертпен келді дегейсің.

Құрт,бауырсақ шашылсын,

Наурыз тойы ашылсын.

Бір-бірінен мынау жұрт,

Өнерлерін асырсын.(Әжелер шашу шашады.)

1.Айбибі

Наурыз тойым,Наурыз тойым,

Құтты болсын халайық!

Қане достар,қане достар

Шырқап әнге салайық.

2.Санжар

Наурыз келді сан құрып,

Жасарып жаңғырып.

Құлпырады жер мен көк,

Мейрім таң күліп.

3.Асылхан

Қыс өтіп,қар кетіп

Шырайлы жаз жетіп  
Шаруаның кеңелген  
Мейрамы ежелден-  
Құтты болсын,Наурыз!

#### 4.Али

Наурыз тойы-тамаша  
Наурыз тойы-жаңаша  
Табиғатта тамаша  
Тамылжып тұр жараса.

#### 5.Күнсұлу

Наурыз жауын,наурыз сән,  
Әсем әуен,сазды ән  
Қыз боз бала қыдырған,  
Жасыл желек,көк аспан.

#### 6.Сара

Наурыз тойы әдейі,  
Әжем еске түсірді.  
Біздерге арнап әдейі,  
Наурыз көже пісірді.

#### 7.Әміре

Қош келіпсің Наурыз!  
Арман тойы халықтың  
Қуанышы халықтың  
Құтты болсын қадамын.

#### 8.Асылжан

Наурыз келді балалар

Көктеді қыр жағалар

Наурыз тойын тойлайық

Жаңа жылда балалар

**Хор:** Наурыз-достық мерекесі.

**Би:** қыздарымызды «Ерке» биімен қарсы алайық.

Мен қазақтың ұлттық ойындарын балалармен ойнағым келіп тұр.

1. «Арқан тартыс» ойыны.

2. «Қыз қуу» ойыны.

3. «Тенге алу» ойыны.

**Тәрбиеші:**

Наурыз құтты болсын!

Дендеріміз сау, мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барлық халық бақытты болсын,

Қош, сау болыңыздар, халайық!

Көріскенше күн жарық болсын.

Құрметті қоңақтар, балалар бүгінгі ертеңгілігімізді осымен аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар.





# 12-Сәуір «Ғарышкерлер күні.»

*«Балбөбек» ортаңғы тобы*

*Тәрбиеші: Темірболатова Г.М.  
Ермекова А.*

2024-2025 оқу жылы

Мақсаты: ашық ойындар арқылы балаларды салауатты өмір салтына баулу.

### Тапсырмалар:

- ғарыш және ғарышкерлер күні туралы түсініктерін кеңейту;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру;
- тұлғаның физикалық қасиеттерін – шапшаңдықты, ептілікті, төзімділікті, ұтқырлықты дамыту;
- нәтижеге жетудегі табандылыққа, жолдастық сезімге, ұжым алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеу.

### Ойын-сауық барысы:

(балалар теледидарға қарама-қарсы орындықтарда отырады)

#### Тәрбиеші:

- Айтыңызшы, бүгін қай күн?
- 12 сәуір – бүкіл еліміз қандай мерекені тойлап жатқанын кім білсін?
- Жарайсындар! 12 сәуірде Ғарышкерлер күні мерекесі тойланады. 1961 жылы дәл осы күні, адам ғарышқа алғаш рет ұшты. Бірінші ғарышкер Юрий Гагарин болды. Бұл өте қысқа рейс болды. Ғарыш кемесі Жерді бір-ақ рет айналып шығып, қайта оралды. Бүкіл адамзат адамзаттың ғарышқа алғашқы ұшуын тойлады. Өйткені, адамдар мыңдаған жылдар бойы армандаған нәрсе орындалды.
- Мен сізге ғарышқа сапар шегуді ұсынамын. Келісесіз бе?

*Көктем күні, сәуір күні,  
Көптеген жылдар бұрын,  
Зымыран ғарышта жарысып жатты  
Көзді баурап алу.  
Бұл жаңалықты планета естіді:  
"Орыс жігіті ұшып кетті!"  
Және батыр – ғарышкер  
Әрбір бала болғысы келді.  
Тек бірінші болу оңай емес,  
Бірінші болу өте қиын.  
Біз лайықты болып өсуіміз керек  
Барлығын жасай білу және көп нәрсені білу.  
Бірақ бір күні сіз де солай етесіз  
Жұлдыздарға ұша аласыз ба  
Достар, сендер бәріне қол жеткізесіңдер  
Тек қалау керек.*

#### Тәрбиеші:

- Балалар, сендер ғарышкер болғың келе ме?
- Онда ойнайық. Ойын "Бізді жылдам зымырандар күтіп тұр"

Ойын барысы: Зымырандық құрсаулар залда ойыншыларға қарағанда бір-бірден аз орналастырылады.

Балалар қол ұстасып, шеңбер бойымен сөздермен жүреді:

*- Бізді жылдам зымырандар күтіп тұр*

*Планеталарға ұшу үшін.*

*Біз қайсысын қалаймыз,*

*Осындай ұшуга барайық!*

*Бірақ ойында бір құпия бар:*

*Кешігіп келгендерге орын жоқ!*

Соңғы сөздерден кейін балалар шашырап, "зымырандарда" орын алады (егер балалар көп болса, онда сіз екі-үш адамнан бір зымыранға отыра аласыз) және әртүрлі ғарыштық қалыптарды қабылдайды. Зымыраннан орын алмағандар оқудан шығарылады. Ойын бір жеңімпаз қатысушы қалғанша жалғасады.

Ойын 2 – 3 рет қайталанады.

- Жаксы ойнадық, орындарымызға жайғасыңыз, демалып жатқанда ғарыштық жұмбақтарды шешеміз (егер балалар экранда қиналып жатса – суреттер - болжамдар пайда болады)

*Қараңғыда үлкен құйрығымен жарқыраған,*

*Бос жерде жарқыраған жұлдыздар арасында асығады,*

*Ол жұлдыз емес, планета емес,*

*Әлемнің жұмбағы...*

*(Құйрықты жұлдыз)*

Түнде жолды жарықтандырады,

Жұлдыздардың ұйықтауына жол берілмейді.

Барлығы ұйықтай берсін, ол ұйықтай алмайды,

Аспанда бізге нұр шашады...

*(Ай)*

*Көк планета,*

*Сүйікті, қымбаттым.*

*Ол сенікі, ол менікі.*

*Және деп аталады...*

*(Жер)*

Жалғыз қыдырады

Отты көз.

Қай жерде болса да,

Бір көзқараспен жылытады.

*(Күн)*

*Астық түнде шашылып жатты,  
Ал таңертең ештеңе жоқ.  
(Жұлдыздар)*

*Зымыранда отырған адам.  
Ол батылдықпен аспанға ұшады,  
Ал бізде өзінің скафандрында  
Ол ғарыштан карап тұр.  
(Ғарышкер)*

*Ғажайып құс - алқызыл құйрық  
Жұлдыздар тобына ұшып кетті.  
(Зымыран)*

Тәрбиеші:

- Ал енді ойнайық. Ойын "Шуакты қояндар"

Ойын барысы: Күннің терезеге қарайтын сәтін таңдап, айнаның көмегімен сәулені ұстап, балалардың назарын күн қоянының қабырғаға, төбеге, орындықтарға қалай секіретініне аударыңыз. Жарық нүктесіне қол тигізуді ұсыныңыз – күн шуакты қоянды ұстаныз.

*Күн қояндары,  
Қабырғаға секіру,  
Күн қояндары,  
Олар үнсіз секіреді.  
Күннің жарқын сәулесі  
Қояндарды жіберді.  
Қыздар мен ұлдар  
Сәуле оянды.*

Тәрбиеші:

- Жарайсындар! Енді өз орындарыңыздағы үстелдерге отырыңыз. Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойын "Зымыран"

- Әрқайсыңыздың таяқшаларыңыз бар, олардан зымыран жасау керек.

*( тыныш музыка естіледі, мұғалім сөйлейді)*

*Қане, балалар,  
Ғарышкерлерді ойнайық,  
Біз сіздермен бірге ғарышқа ұшамыз!  
Ұшуға барамыз,  
Біз жаңа жұлдызды кеме жасап жатырмыз.  
(балалар санау таяқшаларынан зымырандар құрастырады)*

Тәрбиеші:

- Сізде өте жақсы зымырандар бар, барлығы тапсырманы орындады. Орныңыздан тұрыңыз, серуендеңіз және жолдастарыңыздың зымырандарын қараңыз. Ал қазір барлығы маған келді. Қазір біз ойнаймыз ойын "Жер, от, су, ауа", ойын ережелерін мұқият тыңдаймыз: "Жер" командасы бойынша еңкейу керек, "Ауа" - үрлеу, "Су" - қалқып бара жатқандай қимылдар жасау, "От" - қолдар жоғары және айнала айналады. Кім қателесе, ойыннан шығарылады.
- Ойын 2 – 3 рет қайталанады.

Тәрбиеші:

- Сонымен біздің ғарышқа сапарымыз аяқталды.
- Сізге ұнады ма?
- Ал қайсысы көбірек ұнады?





Тәрбиеші: Балалар! Бүгінгі күн ерекше, өйткені бүгін 1 мамыр — Ынтымақ, Бейбітшілік, Бірлік күні. Қазақстанда жыл сайын тойланатын мереке. «Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Олай болса мерекемізді ән ұранымызбен бастайық.

**Әнұран.**

— Балалар біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Қазақстан.

— Балалар біздің ұлттымыз қандай?

— Қазақ.

— Біздің елбасымыз кім?

— Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

— Ал, біздің президентіміз кім?

— Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаев.

— Біздің елімізді қандай өзге ұлттар бар?

— Орыс, татар, өзбек, кәріс, қырғыз, үнді және де т.б.

— Дұрыс айтасындар. Біздің ел – көп ұлтты мемлекет. Қазақстанда басқада ұлттар тұрады: өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. Олар бір — бірімен тату, дос бауырлардай өмір сүріп жатыр. Қазақстанды олар өз жерім, өз елім деп мақтан тұтады. Ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатыр. Қазақстан түрлі ұлттардың басын қосқан ұлы мекен. Олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті жоғалмас үшін қолайлы жағдай жасалған. Елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері өздерінің салт — дәстүрлерін, ән — жырларын көрсетеді. Президентіміз, елімізді бірлікке, ынтымаққа, бейбітшілікке, татулыққа өмір сүруге шақырады. Сондықтан біз елімізді «Ынтымағы жарасқан ел»деп айтсақ артық айтқандық емес. Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркейіп, әр шаңырақ шаттық пен қуанышқа толы.

Тәрбиеші: Биші десе билейді

Аяқтары бір жерге тимейді.

Ортада шаттық көңілмен,

Қазақ қыздары би билейді .

**«Қамажай» биі**

— Жарайсындар, балалар.

Тәрбиеші: Ендеше балалар осы мерекеге арналған өлең жолдарын айтайық.

Алдияр: Мамырдың бірі, достық күні

Ән салып, билеген халықтың үні.

Тұтасып, тойлаған ұлттар,

Керемет мереке, мамырдың бірі.

Санжар: Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны

Еркіндігі халқымның.

Амина: Бұзылмасын сәніміз,

Барлық ұлттар бірлесіп.

Қазақстан жерінде,

Жасасын той мереке.

Алина : Достықты үлгі санаған,

Бір үйде біз тұрамыз.

Қалған ата-бабадан,

Бірлік асыл мұрамыз.

Асылхан:

Достық туымыз,

Достық әніміз.

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

— Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Алина : Ынтымақ болмай іс оңбас,

Бірлік, ынтымақ – байлық, бак.

Амир: Ынтымақ түбі – игілік,

Тірлік түбі – бірлік.

Азиз: Бірлік болмай — тірлік болмайды.

Тәрбиеші: Бүгін қызық бүгін той,

Біздер үшін біліп қой.

Ән де салып, би билеп,

Жалғастырсын ойды — ой. — деп ендігі кезегімізді орыс ұлтынан келген биші қыздарымыздың өнерін тамашалаймыз.

— Ал, балалар күніміз ашық болсын деп елімізге тыныштық тілеп, ортадағы «Бейбітшілік тақтаға» жүректен шыққан тілектерімізді жинайық.

Балалардың тілектері:

Аспанымыз ашық болсын!

Күніміз жарқын болсын!

Елбасымыз аман болсын!

Көк туымыз биік болсын!

Достық болсын!

Бірлік болсын!

Әрқашан күн сөнбесін!

Бейбітшілік болсын!

Ынтымақ болсын!

Әлемде тыныштық болсын!

-Біздің достығымызды білдіретін «Достық» әнін айтайық.

Тәрбиеші:Елімізде тыныштық болып, бірлігі жарасқан ел болайық, әр кез ынтымақта, достықта болайық! Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің берекесін арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігімізге айналып, еліміз бен жеріміз, халқымыз аман болсын. Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын. Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, денсаулығымыз өркендей берсін деген игі тілекпен бүгінгі мерекемізге қатысқандарыңызға рахмет айтамын.





## ***Ұранды ердің - ұрнағы қайсар !***

***«Балбөбек» ортаңғы тобы***

***Тәрбиешілері: Ермекова А.  
Темірболатова Г.М***

Тақырыбы: Ұранды ердің – ұрпағы қайсар.

Мақсаты: Балаларға Ұлы Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Қайырлы күн, ардақты азаматтар, қымбатты әкелер! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 7 мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі де келіп жетті. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Ендеше бүгінгі мерекелік кешіміз өздеріңізге арналады.

Жүргізуші: Жүрекке адалдықтың ескен гүлін  
Ғажайып келешектің төккен үнін  
Ардақты ағаларға шын көңілден  
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.  
Армысыздар, ардақты азаматтар,  
Отбасының тірегі, елді бастар.  
Құтты болып мереке баршаңызға  
Бақ – береке әкелсін отбасыға!

Құрметті әкелер, біздің ұлдар! Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!  
Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс, тілейміз.  
Ұлдарымызды құттықтауға қыздарды ортаға шақырамыз.

Тақпақтар:

Күнсұлу.

1. Нағыз әке ақылгөй де асқар жан  
Барлық ұрпақ әкелерден басталған  
Ал әкелер өздеріне арналған  
Бүгінгі той қуаныш пен мереке.

Юсуф.

2. Әкем менің асқар тауым тірегім  
Бәрінен де сен қымбатсың білемін

Раяна.

3. Жүздеріңнен көрем шаттық арайын  
Болсын солай әрбір күнің әр айың  
Тойларыңыз құтты болсын әкелер  
Балаларың төге берсін мерейін

Алина.

4. Есімде бейнесі әкемнің  
Күлімдеп маған қарайтын  
Мен саған талпынсам  
Құшағын жая сап көтеріп алатын

Амина.

5) Сәулелі сөз сөне ме  
Орны бөлек батаның  
Бізге тәлім өнеге  
Ақ тілеуі әкенің

Айбибі.

6) Әр сөзінің акырын  
Жаксылыққа тіреді  
Қадап айтып акылын  
Көпке бақыт тілейді

Аяна.

7) Атамның ән күйі ғажайып  
Әжемнің алді ғажайып  
Анамның мейірімі ғажайып  
Әкемнің пейілі ғажайып  
Осындай жаксы әдет ғажайып  
Қалмасын ешқашан азайып

Асылхан

8) Әкем шытса қабағын  
Байқа балам дегені  
Алған көп ақ сабағым  
Жаксы көрем мен оны

Асылжан

9) Бойға қуат береді  
Әй жарайсың дегені  
Мен әкемнен әр кезде  
Соны естігім келеді.

Инжу  
10) Ойнаймыз, күлеміз  
Жаркылдап жүреміз  
Әкені сыйлаймыз  
Айтқанын тыңдаймыз





***Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі***  
***«Балбөбек» ортаңғы тобы***

***Тәрбиеші: Темірбалатова Г.М.***

2024-2025 оқу жылы

## **Тақырыбы : «Жабайы аңдар»**

**Білім беру саласы:** Қатынас.

**Бөлімі:** Сөйлеуді дамыту.

**Мақсаттары:**

**Тәрбиелік :**Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу

**Дамытушылық:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту. Өрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жағтықтыру. олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.

**Оқытушылық :** Жабайы аңдарды бір - біріне ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету.

**Ресурстармен қамтамасыз ету :** Жабайы аңдардың суреттері, атрибуттар.

**Билингвалдық компонент:** Жабайы – Дикие. Аңдар- Животное.

Аю- Медведь. Волк- Қасқыр. Қоян –Заяц.

### **Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:**

#### **1.Ұйымдастырушылық кезең:**

**Тосын Сәт:**

Балаларға қонаққа Аю келеді.

-Мен бүгін балабақшаға келе жатып, сандық тауып алдым. Ол сандықтың ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты, біз оларды құтқаруымыз керек.

**Сиқырлы кезең:**

-Балалар қараңдаршы аңдар өз себеттерін қалдырып кетіпті, себетте жапырақтар жатыр екен, кәне барлығымыз қосылып ұрлейк ші. Жапырақ астынан алмалар бар екен, балаларға сыйлық.

- Бүгін сендермен сиқырлы сандықтан нелерді құтқардық?

- Түлкінің баласы қалай атайды екен?

- Қасқырдың баласы қалай аталады?

**2.Негізгі бөлім:** Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - қыс мезгілі

- қыс мезгілінде неше ай бар?
- үш ай. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.
- Ал сендерге қыс ұнай ма?
- Қыс несімен ұнайды?
- Қыс әртүрлі болады, боран соғады, аяз болады.
- Қандай жабайы жануарларды білесіндер?

Балалар: аю, қасқыр, түлкі, тиін кірпі.

- Оларды неге жабайы жануарлар деп атайды?

Балалар: Өйткені олар орманда өмір сүреді, тамақтарын өздері тауып жейді, өздеріне тұратын үй іздейді.

- Бұлардың барлығын бір сөзбен не деп атаймыз?
- Жабайы аңдар дейміз.
- Бұл аңдар қайда мекендейді?
- орманда мекендейді.

### **Сергіту сәті**

Қасқыр ағаш жаралды,

Түлкі кілем қағады.

Елік тамақ пісіріп,

Қоян тамды жабады.

Кірпі көйлек тоқиды,

Тиын сабақ оқиды.

Тілімізді жаттықтыруға арналған тіл дамыту жаттығулары

Ян - ян - секендеген ақ қоян,

Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю

Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі

Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр

- Бұлардың барлығын бір сөзбен не деп атаймыз?

- Бұл аңдар қайда мекендейді?

- Қыс түсімен көп жануарлар өздерінің ініне тығылады. Аюдың апаны қыс та жылууды сақтап тұрады. Ал, балалар қоян, қасқыр, түлкі, қысқа карай жұқа жүні түсіп, орнына қалың жүні өседі.

- Жабайы аңдар жыртқыш және пайдалы болып келеді?

- Аңдардың бізге пайдасы мол, олардың терісінен тон, жаға киімдер, бас киімдер тігеді.

Қасқыр- әлі жететін аңдармен, құстармен қоректенеді, үй жануарлар кездесе қалса ұстап жеп қояды.

Қоян- ағаштардың қабығын кеміреді, шөп шараларды жейді.

Түлкі-түрлі құстар, құстар жұмыртқасы, қар астындағы тышқандармен қоректенеді, балық аулап жейді.

Аю- судан балық аулап, жидек теріп, құстармен қоректенеді, қыс бойы ұйықтайды.

**Қорытынды бөлім.**

Балалар бүгін біз қандай аңдармен таныстық?

Бізге қонаққа кім келді?

